



2015 ж. сәуір, №2 (38)
Журнал 2005 ж. қантардан бастап шығады
Жылына төрт рет шығады

Құрылтайшы: Қостанай мемлекеттік педагогикалық институт

Бас редактор: Қ.М. Баймырзаев,
география ғылымдарының докторы, профессор

Бас редактордың орынбасары: Е.А. Әбіл,
тарих ғылымдарының докторы, профессор

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Бережнова Е.В., педагогика ғылымдарының докторы, ММХҚИ, Ресей
Амирова Б.А., психология ғылымдарының докторы, Е.А. Букетов атын. ҚарМУ, Қазақстан
Елагина В.С., педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ЧелМПУ, Ресей
Рудик Г.А., педагогика ғылымдарының докторы, профессор, PhD д-ы, «Шекарасыз заманауи білім беру» орталығының директоры, Монреаль қ., Канада
Катцнер Т., Батыс Вирджиния Университетінің профессоры, PhD докторы, АҚШ
Кайе Ж., философия ғылымдарының докторы, Виа Домисия Университетінің профессоры, Перпиньян қ., Франция
А. Күзембайұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚМПИ
Брагина Т.М., биология ғылымдарының докторы, профессор, ҚМПИ
Важев В.В., химия ғылымдарының докторы, профессор, ҚМПИ
Қуанышбаев С.Б., география ғылымдарының докторы, АМПИ
Сивохин И.П., педагогика ғылымдарының докторы, ҚМПИ
Ахметов Т.А., педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, ҚМПИ
Төлеген М.Ә., (PhD) философия докторы, заң ғылымдарының кандидаты, доцент, ҚМПИ

Нөмірдің жауапты редакторы:

Б.Ш. Баймұхамбетова, (PhD) философия докторы

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Федоров А.И., педагогика ғылымдарының кандидаты
Орал мемлекеттік дене шынықтыру университеті, Ресей
Утегенова Б.М., педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, ҚМПИ
Кудрицкая М.И., педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚМПИ
Смаглий Т.И., педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚМПИ
Қонысбаева Д.Т., биология ғылымдарының кандидаты, доценті, ҚМПИ
Брагин Е.А., биология ғылымдарының кандидаты, ҚМПИ
Демисенов Б.Н., физика-математика ғылымдарының кандидаты, ҚМПИ
Наурызбаева Э.К., тарих ғылымдарының кандидаты, ҚМПИ
Әлібек Т.К., тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, ҚМПИ
Огиенко Н.А., педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚМПИ
Есіркепова К.К., филология ғылымдарының кандидаты, доцент, ҚМПИ

Тіркеу туралы куәлік №8786-Ж
Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігімен
19.11.2007 берілген.
Жазылу бойынша индексі 74081

Редакцияның мекен-жайы:
110000, Қостанай қ., Таран к., 118
(редакциялық-баспа бөлімі)
Тел. (7142) 53-34-71

№2 (38), апрель 2015 г.
Издается с января 2005 года
Выходит 4 раза в год

Учредитель: *Костанайский государственный педагогический институт*

Главный редактор: *К.М. Баймырзаев*,
доктор географических наук, профессор

Заместитель главного редактора: *Е.А. Абиль*,
доктор исторических наук, профессор

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Бережнова Е.В., доктор педагогических наук, МГИМО, Россия
Амирова Б.А., доктор психологических наук, КарГУ им. Е.А. Букетова, Казахстан
Елагина В.С., доктор педагогических наук, профессор, ЧелГПУ, Россия
Рудик Г.А., доктор педагогических наук, профессор, д-р PhD, директор Центра Современной педагогики «Обучение без границ», г. Монреаль, Канада
Катицер Т., доктор PhD, профессор Университета Западной Вирджинии, США
Кайе Ж., доктор философских наук, профессор, Университет Виа Домисия, г. Перпиньян, Франция
А. Кузембайулы, доктор исторических наук, профессор, КГПИ
Брагина Т.М., доктор биологических наук, профессор, КГПИ
Важев В.В., доктор химических наук, профессор, КГПИ
Куанышбаев С.Б., доктор географических наук, АГПИ
Сивохин И.П., доктор педагогических наук, КГПИ
Ахметов Т.А., кандидат педагогических наук, доцент, КГПИ
Төлеген М.Ә., доктор философии (PhD), кандидат юридических наук, доцент, КГПИ

Ответственный редактор номера:
Б.Ш. Баймухамбетова, доктор философии (PhD)

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

Федоров А.И., кандидат педагогических наук, Урал. ГУ физической культуры, Россия
Утегенова Б.М., кандидат педагогических наук, доцент, КГПИ
Кудрицкая М.И., кандидат педагогических наук, КГПИ
Смаглий Т.И., кандидат педагогических наук, КГПИ
Коньсбаева Д.Т., кандидат биологических наук, доцент, КГПИ
Брагин Е.А., кандидат биологических наук, КГПИ
Демисенов Б.Н., кандидат физико-математических наук, КГПИ
Наурызбаева Э.К., кандидат исторических наук, КГПИ
Алибек Т.К., кандидат исторических наук, доцент, КГПИ
Огиенко Н.А., кандидат педагогических наук, КГПИ
Есиркепова К.К., кандидат филологических наук, доцент, КГПИ

Свидетельство о регистрации № 8786-Ж
выдано Министерством культуры и информации Республики Казахстан
19 ноября 2007 года.
Подписной индекс 74081

Адрес редакции:
110000, г. Костанай, ул.Тарана, 118
(редакционно-издательский отдел)
Тел. (7142) 53-34-71

УДК 32:316.37

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ

Амантаева А.Б.

*ф.э.к., Тарих және өнер факультеті,
аға оқытушысы, ҚМПИ*

Рахат Н. Қ

*Психология және педагогика
факультеті
3 курс студенті, ҚМПИ*

Аннотация

"Gender" сөзі ағылшын тілінен аударғанда жыныс (еркек, әйел) дегенді білдіреді. Ген – тұқым, генетика – тұқымның өнуі мен ағзаның өзгерісін зерттейтін ғылым.

Гендер дегеніміз – ерлер мен әйелдердің мінез-құлқын, сондай-ақ, олардың арасындағы әлеуметтік өзара қарым-қатынасты айқындайтын, олардың әлеуметтік және мәдени нормалары мен рөлдерінің жиынтығы.

Аннотация

Гендер (англ. gender) – социальный пол, определяющий поведение человека в обществе и то, как это поведение воспринимается. В общественных науках «гендер» имеет более узкое значение, обозначая «социальный пол», идентичности и сферы деятельности мужчин и женщин, зависящие не от биологических половых различий, а от социальной организации общества. В гендерных исследованиях основное место занимает проблема социального неравенства мужчин и женщин.

Abstract

Gender – the social floor defining behavior of the person in society and how this behavior is perceived. In social sciences "gender" has narrower value, designating "a social floor", identity and a field of activity of men and women, depending not on biological sexual distinctions, and on the social organization of society. In gender researches the main place is taken by a problem of a social inequality of men and women.

Түйінді сөздер: гендер, гендерлік саясат, билік, құқықтық мемлекет, стратификация, стратегия.

Ключевые слова: гендер, гендерная политика, власть, правовое государство, стратификация, стратегия

Key words: gender, gender politics, power, rule of law, stratification, strategy

1. Кіріспе

Әйел адамзаты жер шары халқының жартысын құрайды. Олардың түйінді мәселелері зор әлеуметтік маңыздылыққа ие.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік жылдарында ерлер мен әйелдер құқықтары мен бостандықтарын қорғау саласында біршама дамуға ие болды. Қазақстан Республикасы Президенті ерлер мен әйелдер арасында теңдік мәселесіне зор көңіл бөліп, әділ нақты гендерлік саясат жүргізудің бастамшысы болып табылады. Қазіргі уақытта бүкіл жер шары бойынша тарихи қалыптасқан ер азаматтарының әйел азаматтарынан үстем болуы өзгерістерге ұшырап отыр. Өнеркәсіптік дамыған және әлеуметтік бағытталған мемлекеттерде құқықтары мен мүмкіндіктері сұрақтарында әйел азаматтары біршама теңдікке жетті. Әйел адамның күнделікті өмірдегі амандығы бүкіл қоғамға зор жағымды әсер етіп, адамзаттың

дамуының көрсеткіші болып табылады. Бірнеше ғасырлар бойы адамзаттың санасында қалыптасқан азаматтық қоғамдағы әйел адамзатының екінші дәрежедегі рөлі мәселенің түйіні болып табылады. Өкінішке орай, бұл мәселе бойынша біршама даму орын алып отырса да біздің қоғамда ер азаматы мен әйел азаматы арасында теңсіздік сақталып отыр. Қазақ халқы қыз баланы әрқашан әлпештеп өсірген. Төріне отырғызып, төбесіне көтерген. Анаға, әйелге ерекше құрмет көрсеткен. Өкінішке қарай, қазір осынау жақсы салт-дәстүрімізден тамырымызды үзіп, ажырап бара жатырмыз. Әлбетте, біз демократиялық жолмен жүреміз. Бірақ қазіргі мынау жаһандану заманында біз ұлттық түбірімізден ажырап қалмау жағын да ойластыруымыз қажет, -деп ойлаймын.

"Gender" сөзі ағылшын тілінен аударғанда жыныс (еркек,әйел) дегенді білдіреді. Ген - тұқым, генетика – тұқымның өнуі мен ағзаның өзгерісін зерттейтін ғылым. Ал гендерлік дегеніміз заңды табиғи оң үрдісті қалай болғанда да өзінің көздеген саясатына жығатын кесерлі ұйым. Ерлер мен әйелдердің мінез-құлқын, сондай-ақ, олардың арасындағы әлеуметтік өзара қарым-қатынасты айқындайтын, олардың әлеуметтік және мәдени нормалары мен рөлдерінің жиынтығы. Жыныс ерлер мен әйелдер арасындағы биологиялық сипаттағы айырмашылықты білдірсе, гендер олардың арасындағы әлеуметтік ерекшеліктерді қарастырады.

Әйелдік зерттеулердің жаңа дәуірі 1986 жылы американ зерттеушісі Джоан Скоттың «Гендер – полезная категория исторического анализа» мақаласы жарыққа шыққан соң басталды. Осы уақыттан бастап «гендер», «пол-род», ұғымдары бұл мәселелерді зерттеуде маңызды категорияға айналды.

Әйел тақырыбын талқылауда бүгінгі күннің өзінде үлкен орын алатын жұмыс ол атақты француз философы Симон де Бовуардың 1949 жылы баспадан шыққан жұмысы «Второй пол». Онда әйел мәселесі философиялық тұрғыдан қарастырылады.

2. Негізгі бөлім

Гендерлік мәселе бойынша қазіргі кездегі Қазақстандық зерттеушілерді атап кетейік: Б.Х. Хасанов, Г.Г. Соловьева, С. Шакирова, М.А. Өскембаева, Н. Шеденова, К.А. Тохтыбаева, Б. Қылышбаева. Оларды алғашқы феминистік қозғалыстың либералды, марксистік, радикалды бағытына қосу қиын. Республикада жаңа қазақстандық философияның қалыптасуына байланысты ерекше гендерлік тәсілдер қалыптасуда. Бұл философия марксистік философиядан бас тарта отырып, руханилықтың артықшылығына және қазақтың дәстүрлі мәдениетіне тән ақыл мен жүректің, ой мен ойданның бөлінбес бірлігіне сүйенеді.

Әйел – ана, әйел – жар, әйел – қайраткер. «Шығыстың ешқайсысында да қазақтардағыдай гендерлік теңдік дамыған емес. Қазақ әйелдері әрқашанда тағдырдың әр түрлі шешімдеріне тікелей қатыса отырып, зор тәуелсіздігі мен бостандығымен ерекшеленіп келеді. Біздің ұлы даламыздың тарихы қайсар қаһарман қыздарымыздың, билеушілердің, сенімді серіктерін, ойшылдар мен ақындардың данышпан аналарын біледі. Халқымыздың ауыз әдебиетінде де, жазу, сызу өнері пайда болған кездерден күні бүгінге дейін де қазақ әйелдері қарияда жол тапқан, қысылғанда ой шолған, ақылына көркі сай, ер жүрек, батыр бейнелерінде халық санасында ғасырлар бойы сомдалып келе жатқандығы бәрімізге белгілі. Тұмар ханым, Құртқа, Қарашаш, Гүлбаршын, Жібек, Баян сұлу, Ұлы Абайдың әжесі Зере мен анасы Ұлжан, Ғабит Мүсірепов бейнелеген Ұлпан, кешегі Ұлы Отан соғысында ғажайып ерлік үлгілерін көрсеткен Әлия, Мәншүк, Хиуаздарға дейін, басқа да көптеген аналардың, әйел - қыздарымыздың есімдері тарихымызда өшпейтін болып жазылып қалған.

Батыс еліндегі лидер әйелдер: *Жанна Д'арк*, Орлеан қызы (1412 ж. ш., Франция, Дотреми – 30.05.1431, Руан) – Францияның ұлттық батыр қызы. Жүз жылдық соғыс (1337 – 1453) кезінде француз халқының ағылшындарға қарсы азаттық күресін басқарған.

Маргарет Хильда Тэтчер (ағылш. *Margaret Hilda Thatcher*; 13 қазан 1925, *Грэнтем* – 8 сәуір 2013, *Лондон*) – 1979 – 1990 жылдары аралығында Ұлыбританияның премьер-министрі, баронесса (1992 жылдан бастап). Бұл лауазымда болған алғашқы және әзірше жалғыз әйел адам.

Шығыс еліндегі лидер әйелдері: Индира Ганди – шығыс әйелдері арасынан шыққан тұңғыш үкімет басшысы.

Міне, осындай апаларымыз елі, жері үшін жан пида ете отырып, сол қоғамда әйел адамдардың қолынан іс келетіндігін, ел басқара алатындығын дәлелдеген әйелдер.

Қазіргі күні «гендерлік теңдік» деген сөздер көп айтылатын болды. Қарапайым тілмен айтсақ, бұл – ерлер мен әйелдер арасындағы теңдік. Бүгінде Қазақстан әлемдегі гендерлік теңдікті мұрат тұтқан мемлекеттердің бірі болып саналады. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы әйелдер ісі және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның басты міндеттерінің бірі нормативтік-құқықтық актіні іске асыру тетіктерін әзірлеу болып табылады. Кез келген заң шыққаннан кейін оны іске асыратын механизм керек. Механизмді қалай дұрыс жасасақ, заң да солай іске асады.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік жылдары гендерлік саясатты дамытуда үлкен жұмыстар атқарды. 1998 жылы Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссия құрылды. Осы комиссияның ұйытқы болуымен 2011 жылдың 5 наурызында Қазақстан әйелдерінің тұңғыш съезі болып өтті. Съезде сөз сөйлеген Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев ер мен елге қиын болған кезеңде әйел-аналар отбасы мен қоғам жүгін қайыспай қатар көтере білгендігін атап өтті. Сондай-ақ, Елбасы әйелдердің өмірлік маңызды салаларда жұмыс істейтіндіктеріне назар аударды. Статистикаға жүгінсек, бүгінгі таңда барлық педагогтардың 73 пайызы, дәрігерлер мен медицина қызметкерлерінің 87 пайызы әйелдер болып табылады. Барлық бюджеттік сала қызметкерлерінің 60 пайызы әйелдердің үлесінде. Мемлекеттік басқарудың барлық жүйесі көп жағдайда олардың кәсібилігінің арқасында жұмыс істеп тұр. Тәуелсіздік жылдарында ондаған әйелдер министр және мемлекеттік органдардың басшылары болып тағайындалды. Жүздеген әйелдер Парламент пен мәслихат депутаттары болып сайланды.

Қазақстан Республикасының 2006-2016 жылдарға арналған гендерлік теңдік стратегиясында мемлекеттік басқару органдар арасындағы әйелдер өкілеттілігін 30 пайызға дейін көтеру міндеті қойылған.

Стратегия – мемлекеттің гендерлік саясатын іске асыруға бағытталған негізгі құжат, оны іске асырудың және мемлекет пен азаматтық қоғам тарапынан оның мониторингін жүзеге асырудың құралы, демократияның қалыптасуының маңызды факторы болып табылады.

Стратегияны іске асырудан күтілетін нәтижелер:

1. Мемлекеттің жалпы саясаты мыңжылдықтың даму, соның ішінде елдегі гендерлік теңдікке қол жеткізу мақсаттырын орындауға бағдарланатын болады.

2. Қоғамның сананың гендерлік парадигмасының ауысуы - бір жыныстың басым болуынан - екі жыныстың серіктестігі мен ынтымақтастығына ауысу жағына бірте-бірте өзгеруі орын алады. Мемлекеттік қызметшілер, депутаттар мен барлық деңгейдегі басшылар, шешімдер қабылдау деңгейінде тұрғандардың барлығы " гендерлік жағынан сезімтал" болады.

3. Әйелдер өздерінің жеке басының әлеуеті мен адами әлеуетін іске асыра отырып, әлеуметтік дамудың барлық процестеріне тең дәрежеде қатысатын болады. Олар тең дәрежеде қоғамдық салаларға, ал еркектер - отбасы, үй еңбегі және бала тәрбиесі сияқты қарапайым салаларға кіретін болады.

4. Осының бәрі елдегі азаматтық қоғамның одан әрі жетілуіне және "патитеттік демократияның" қалыптасуына ықпал ететін болады.

2005 – 2015 жылдарға арналған әйелдер кәсіпкерлігін микрокредиттеу бағдарламасы қабылданып, соңғы екі жылдың өзінде ғана 1,3 миллиард теңгеден астам мөлшерде микрокредит берілгені бұл бағытта мемлекет тарапынан да қуатты қолдау болғанын айғақтайды. Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп, ауыл әйелдерінің бизнесіне қолдау көрсету мәселелері зерделенді. "Әйелдер ауылымыздың тынысы – еңбектегі ырысы" , " Гендерлік

аспект ескеріле отырып, ауыл тұрғындарын микрокредиттеуді дамыту", "Бизнестің жол картасы – 2020" бағдарламасын іске асырудағы кәсіпкер әйелдердің орны", "Қазақстанда жеке кәсіпкерлікті дамытудың гендерлік аспектісі" тақырыбына іс-шаралар өткізіліп, экономикалық даму және сауда министрлігінің әйелдер кәсіпкерлігін дамыту бойынша жұмысы тыңдалуын – осы бағытта атқарылған көп жұмыстың бірер мысалдары дер едік.

Иә, қазіргі күні әйелдер қауымы қоғамның барлық саласында өзінің орнын алуда. Әйел отбасының ұйытқысы ғана емес, ол – кәсіпкер, ол – саясаткер. Әйелдердің беделін көтеруде мемлекет те аянып отырған жоқ. Бұл жерде әйелдер мен еркектердің бірдей құқығы мен мүмкіндіктері идеясын қолдау қиын. Нақты теңдік дегеніміз – қандай да болмасын бір жыныстың мүддесіне заң мен нормаларды бейімдеу емес, ерекектер мен әйелдердің өзіне тән табиғи айырмашылығын ескеру. Алайда, елімізде нақты гендерлік теңдікті орнықтыруға әлі де біршама жұмыстар атқарылуы керек деп ойлаймын.

Қазіргі қазақстан әйелдерінің сана сезімін арттыра отырып, қоғамға өз үлесін қосуға шақыру, яғни әйелдің қырық жаны бар демекші әйел білікті басшыда, саясаткерде бола алады. Гендерлік саясаттан күтілетін нәтижелер мемлекеттің жалпы саясаты мыңжылдықтың дамуына, соның ішінде елдегі гендерлік теңдікке қол жеткізу мақсаттарын орындауға, қоғамдық сананың – бір жыныстың басым болуынан – екі жыныстың серіктестігі мен ынтымақтастығына ауысуына, әйелдер өздерінің жеке басының әлеуеті мен адами әлеуетін іске асыра отырып, барлық процесстеріне тең дәрежеде қатысуына жол ашылады. Яғни, осының бәрі елдегі азаматтық қоғамның одан әрі жетілуіне және құқықтық мемлекетте гендерлік саясаттың қалыптасуына ықпал ететіні белгілі. Қазақстан дүниежүзілік қоғамдастыққа кірігуді өзінің сыртқы саясат саласындағы басымдығы ретінде айқындады.

Елбасының «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында айтылғандай, уақыт талабына сай әйелдерді мемлекеттік және қоғамдық басқару ісіне белсене араластырып, олардың бизнес ашып, кәсіпкерлікпен шұғылдануына мүмкіндік туғызу арқылы жаңа кезеңдегі қазақстандық әйел бейнесін қалыптастыруға болады.

Қазіргі Тәуелсіз Қазақстанның әйелдері осы дәстүрді жалғастыруда. Егер әйел жанұяның және қоғамның сый-құрметіне ие болып жүрсе, ел үшін қам жемеуге болатынына сенімдімін және осылай болу үшін бүкіл мүмкіншілікті жасаймын.»-деп елбасымыз өз сөзінде ерекшелеп айтып өткен болатын. Жалпы біз әйел затының сана сезімін арттырсақ мемлекетке зор үлес қосатын әйелдер қауымы да көбейер еді.

Қазақстан Республикасы Президенті ерлер мен әйелдер арасында теңдік мәселесіне зор көңіл бөліп, әділ нақты гендерлік саясат жүргізудің бастамшысы болып табылады. Қазіргі уақытта бүкіл жер шары бойынша тарихи қалыптасқан ер азаматтарының әйел азаматтарынан үстем болуы өзгерістерге ұшырап отыр. Өнеркәсіптік дамыған және әлеуметтік бағытталған мемлекеттерде құқықтары мен мүмкіндіктері сұрақтарында әйел азаматтары біршама теңдікке жетті. Әйел адамның күнделікті өмірдегі амандығы бүкіл қоғамға зор жағымды әсер етіп, адамзаттың дамуының көрсеткіші болып табылады. Гендерлік теңдік сөзін қарапайым тілмен айтсақ, бұл – ерлер мен әйелдер арасындағы теңдік. Бүгінде Қазақстан әлемдегі гендерлік теңдікті мұрат тұтқан мемлекеттердің бірі болып саналады. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер ісі және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның басты міндеттерінің бірі нормативтік-құқықтық актіні іске асыру тетіктерін әзірлеу болып табылады. Кез келген заң шыққаннан кейін оны іске асыратын механизм керек. Механизмді қалай дұрыс жасасақ, заң да солай іске асады. Иә, қазіргі күні әйелдер қауымы қоғамның барлық саласында өзінің орнын алуда. Әйел отбасының ұйытқысы ғана емес, ол – кәсіпкер, ол – саясаткер. Әйелдердің беделін көтеруде мемлекет те аянып отырған жоқ. Бұл жерде әйелдер мен еркектердің бірдей құқығы мен мүмкіндіктері идеясын қолдау қиын. Нақты теңдік дегеніміз – қандай да болмасын бір жыныстың мүддесіне заң мен нормаларды бейімдеу емес, ерекектер мен әйелдердің өзіне тән табиғи

айырмашылығын ескеру. Алайда, елімізде нақты гендерлік теңдікті орнықтыруға әлі де біршама жұмыстар атқарылуы керек деп ойлаймын. Гендер деген тек әйелдердің мүддесін көздеу емес. Ол ер мен әйелдің бір-бірін әріптесім, теңім деп қарауы, қандай шаруаны да бірлесіп істеуі. Жаратушы ер азаматтарды үлкен істерді атқарушы етіп жаратқан. Олардың үлкен қолбасшысы, ғалым болуы, техникада, физикада, ядролық химияда жаңалықтар ашуы содан. Ал олардың жаулап алған мемлекеттерін жайғастырып, халқын тәрбиелеп, өсіру, үлкен ғылыми жаңалықтардың соңындағы ұсақ-түйек істерді жайғастырып жүру әйелдің міндеті. Осы екеуінің күші біріккенде ғана жасампаздық пайда болады.. Әйел-ана, әйел – жар, әйел-қайраткер. «Шығыстың ешқайсысында да қазақтардағыдай гендерлік теңдік дамыған емес.

3.Қорытынды

Қазақ әйелдері әрқашанда тағдырдың әр түрлі шешімдеріне тікелей қатыса отырып, зор тәуелсіздігі мен бостандығымен ерекшеленіп келеді. Біздің Ұлы Даламыздың тарихы қайсар қаһарман қыздарымыздың, билеушілердің, сенімді серіктерін, ойшылдар мен ақындардың данышпан аналарын біледі. Қазіргі Тәуелсіз Қазақстанның әйелдері осы дәстүрді жалғастыруда Егер әйел жанұяның және қоғамның сый-құрметіне ие болып жүрсе, ел үшін қам жемеуге болатынына сенімдімін және осылай болу үшін бүкіл мүмкіншілікті жасаймын.» – деп елбасымыз өз сөзінде ерекшелеп айтып өткен болатын. Жалпы біз әйел затының сана сезімін арттырсақ мемлекетке зор үлес қосатын әйелдер қауымы да көбейер еді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

Мыңжасарқызы Д. Гендерлік саясат және қазақ әйелі . – Түркістан. – 2009. – №5. – 5–7 б.

Айтболатұлы Б. Демократияның бір белгісі – гендерлік теңдік. – Айқын. – 2007. – №9. – 3–5б.

Мустафин.Г.Т Гендерлік аспект. – Алматы. – 2006. – 145б.

Алматов Б. Президент және Қазақстан әйелдері. – Егемен Қазақстан. – 2011. – 2 желтоқсан. –

13б.

Телібаев Ф. Гендерлік саясат және мәдениет. – Айқын. 2012. – №10. – 5–7б.

УДК 93

МЕМЛЕКЕТТІК ДУМАДАҒЫ ҚАЗАҚ ДЕПУТАТТАРЫ ЖӘНЕ ЖЕР-СУ МӘСЕЛЕСІ

Анасова А.Б.

тарих магистрі, ҚМПИ, Қостанай

Исенова А.Т.

"Тарих"мамандығының

4 курс студенті

Аннотация

Бұл мақалада авторлар Мемлекеттік Думадағы қазақ депутаттарының қызметіне және олардың көтерген мәселелеріне талдау жасаған. Әсіресе, олардың жер-су мәселесіне байланысты талаптары мен ұсыныстары қарастырылады.

Аннотация

В данной статье авторы осветили деятельность и проблемы поднятые казахской интеллигенцией в Государственной Думе. Особенно заострили внимание на требованиях и предложениях касающиеся земельно-водной реформы.

Abstract

In this article, the authors highlighted the activities and problems raised by the Kazakh intelligencia in the State Duma. Especially focused on the requirements and proposals concerning land and water reforms.

Түйінді сөздер: Мемлекеттік Дума, жер-су мәселесі, әкімшілік-аумақтық ереже, мұсылман фракциясы, жер - құқықтық нормалар.

Ключевые слова: Государственная Дума, земельно-водная реформа, административно-территориальные реформы, мусульманская фракция, земельно-правовые нормы.

Key words: In the Council, land and water reform, administrative-territorial reform, Muslim faction, land and legal norms.

1. Кіріспе. Мемлекеттік Думаның мәні мен мазмұнын түсіну үшін оның саяси өмірдегі қажеттіліктен туындағанын ескеру керек. Ресей Мемлекеттік Думасының өмірге келуі мұқтажы өзінен - өзі пісіп-жетіліп келе жатты. Бірақ оның түпкілікті орнай алмағанын тарихтан білеміз. Ресейде Мемлекеттік Дума дүниеге келген кезде шаруалар елдегі халықтың басым көпшілігін құрады. Сондықтан империядағы өзгерістерге демократиялық сипат беріп, дамыған елдердегідей патша билігін жоймай-ақ, Мемлекеттік Дума Ресейдегі сан жағынан ең көп шаруалардың мұң-мұқтажын алғашқы кезекке қоймақшы болды. Шаруа үшін жердің ең маңызды мәселе екені әуел бастан белгілі. Сол себепті де Дума өзі өмірге келген сәттен бастап-ақ бұл мәселені өз назарынан тыс қалдыра алмады. Осылайша жаңа демократиялық басқару жүйесімен ескі қоғамдық құрылыс арасындағы тартыстың өзегі болып жер мәселесі тұрды. Патша ағзамның қол шоқпар үкіметі қарапайым халықпен түсінісе алмады, ортақ мәмлеге де келмеді.

2. Негізгі бөлім. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезінде Ресей империясының қоғамдық-саяси өмірінде аграрлық мәселе маңызды орын алды. Оның нақты шешімін таппауы Ресейдегі халықтардың үнемі наразылығын тудырып отырды. Ресейдегі 1905-1907 жылдардағы және 1917 жылғы Ақпан және Қазан төңкерістерінің басты себептерінің бірі де аграрлық мәселеге тіреледі.

Бұл ретте Мемлекеттік Думаның да Қазақстандағы аграрлық-шаруа мәселесімен айналысқанын айта кетуіміз керек. Мысалы, II-ші Мемлекеттік Думада сөйлеген сөзінде депутат Б.Қаратай қордаланған мәселені турасынан қояды. Ол "қырғыз-қайсақ халқы атынан бұл мінбеден ешкім сөйлеген жоқ. Біздің мемлекетіміз шиеленіскен аграрлық мәселені шаруаларды Дала облыстарына, дәлірек айтсақ: Орал, Торғай, Ақмола, Семей және Жетісуға қоныс аудару арқылы шешпекші болады" - деп сөзін бастады. Әрі қарай патшалық Ресейдің қоныс аудару саясаты нәтижесінде сол кездегі Қазақстанның солтүстік аудандарындағы туындай бастаған геосаяси ахуалды жан-жақты талдады. Онда ол "қоныс аударуда Орта Азиялық облыстар ішінде қоныс аударатын бос жер бар ма, жоқ па ол туралы жергілікті халықпен келісілмеген, табиғи, шаруашылық, статистикалық, топырақ және ауа райы тұрғысынан зерттелмегенін "ашып айтты" - оны зорлық жасау деп есептеу керек" - деді.

Қазақстан отар ел ретінде XIX ғасырдың алғашқы ширегінен бастап Ресей империясының әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірімен тығыз байланысты болды. Әкімшілік-аумақтық ереже, 1867-1868 және 1886-1891 жылдардағы реформалар Қазақстанның отар ел ретіндегі метрополиядағы рөлін нығайта түсуге бағытталды. Империяның саяси үстемдігі нәтижесінде бүгінгі Қазақстан алып отырған сол кездегі барлық аумақтарда жерді иелену мен жерді пайдалануды реттеудің қажеттігі мейлінше айқын да өткір қойылды.

1886-1891 жылдардағы Түркістан және Дала өлкелері жөніндегі реформалар бойынша Орынбор және Батыс-Сібір генерал-губернаторлығы жойылып, оның орнына орталығы Омбы қаласы болып табылатын Дала генерал-губернаторлығы құрылды. Оның құрамына Ақмола, Семей, Орал, Торғай және Жетісу облыстары енді. Осылардың ішінен Жетісу облысы 1897 жылы Түркістан генерал-губернаторлығының қарамағына берілді.

Дүркін-дүркін жүргізіліп отырған әкімшілік-аумақтық бөліністер Қазақстанның отарлық жағдайын орнықтыра түсті, бұлар тікелей жергілікті халықтың дәстүрлі әлеуметтік-шаруашылық және саяси құрылысының іргесін ірітуге бағытталды.

Реформа барысындағы жер - құқықтық нормалар ең алдымен отарлаушы халықты артықшылыққа ие ететін құқықтар беру арқылы қазақтар шеттегі қолдануға жарамсыз, шұрайсыз жерлерге ығыстыру бағыты ұсталды. 1867-1868 жылдардағы реформа жер қазына меншігі деп жариялап, қазақтарға жерді пайдалану құқығын ғана берді. Мұның өзі оларды бұл жерлерден шеттетуге заңды негіз жасады. "Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару жөніндегі "Уақытша ереженің" 210-бабында айтылғанындай, қазақ көшпенділері иеленіп отырған жерлер мемлекеттік деп танылады және олардың қоғамдық пайдалануына уақытша берілетін болды.

Патша өкіметі орталық аудандардан шаруаларды Қазақстанға көшіріп, империяның шығысына жаппай қоныстандырудан, салықтық жеңілдік беруден және банкі арқылы шаруалардың қосымша жер үлесін алуын қамтамасыз еткен аграрлық реформасы жөніндегі бағдарламасының бір бөлігі болғандығын айту қажет. Алайда, жерді қауымдасып пайдалану жүйесі тұтастай алғанда империядағы аграрлық қатынастарды реформалауға мүмкіндік бермеді. Оның жолы шаруаларды жаппай көшіріп, жаңа жерлерге қоныстандыру арқылы табылды, сөйтіп, Қазақстанға көшіп келгендерді орналастыру үшін нақты учаскелерді анықтау жөніндегі жұмыстар басталды. XIX ғасырдың 80-жылдарының соңғы кезінен бастап негізгі міндеті орталық аудандардан қоныс аударушылар үшін қазақтардың жерлерін тартып алу болып табылатын органдар мен ұйымдар құрылды. Тұтас алғанда, 1917 жылдың қарсаңында қазақтардың пайдалануынан Дала өлкесі, Бөкей ордасы және Маңғыстау приставтығы бойынша қазақтардан 40 млн. десятина жер алынды: казак әскерлеріне (Орал, Сібір, Орынбор) 18,1 млн. десятина, қоныс аударушылар учаскелер үшін - 16 млн. десятина, орман саяжайлары, қазыналық-оброктық мақсаттар, помещиктік имениелер, монастырлық т.б. учаскелер үшін - 5,9 млн. десятина, қалалар мен темір жолдарды оқшаулау алаңқайлары үшін - 0,42 млн. десятина жер алынды. Жетісуда 4 млн. десятинадан астам жер: оның ішінде казак жерлері мен қалалар үшін - 0,7, күзетші селолар үшін - 0,2, қоныс аудару учаскелерінің тығыз болғандығы үшін - 0,7, адамдар орналаспаған учаскелер үшін - 0,55, қазыналық-оброктық мақсаттарға 0,47 млн. жер күшпен тартып алынды. 1917 жылға дейін тұтас алғанда Қазақстан бойынша 45 млн. десятина жер тартып алынды. Бұл бүкіл жер қорының 0,25 процентіне жақындады. Бұлар ең құнарлы жерлер еді.

Сөйтіп, қазақтар шөлейт және жартылай шөлейт, сортаң жерлерге қарай тықсырылды. Жермен бірге барлық су көздері де алынып қойды, мұның өзі сайып келгенде дәстүрлі шаруашылық жүйесін ауыр жағдайда қалдырды.

XX ғасырдың бас кезінде казак халқы күрделі өзгерістерге ұшырады. Бұрынғы шаруашылық жүргізу тәртібі келмеске кетіп, оның орнына көшпелі, жартылай көшпелі және шаруашылық жүргізудің мал өсіруге бейімделген отырықшылық түрі дами бастады. Әсіресе мұнда экстенсивті жартылай көшпелі мал шаруашылығы кең өріс алды. Мұның басты сипаттары - малды жайылымда және жартылай қорада ұстап бағу, егіншілікпен, шөп шабумен айналысу, қыстыгүні малды бір жерде отырып бағу және қысқы жайылымдардың да болуы еді. Сонымен бірге бірте-бірте тауарлық сипат ала бастаған егіншілік негізі кеңейе түсті. Бұл реттегі егіншілік әрқашанда көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығымен тығыз байланысты болып отырды. Осы жағдайдағы ең өткір де, ең күрделі мәселе - жер иелену мен жерді пайдалану мәселесі болды. Шаруашылықты өрістетудің мейлінше эволюциялық нысандарын іске асыруға жердің жаппай күшпен тартып алынуы өлшеусіз нұқсан келтірді. Мұның ақыры кейде баяу, кейде белсенді түрде етек алған аграрлық толқуларға соқтырып отырды.

Отар ретінде Қазақстан бұл кезде империяның бастырмалатқан ресми идеологиясының әсеріне душар болды. Мұнда жаппай орыстандыру саясаты жүргізілді. Соған байланыс-

ты шаруашылық пен әлеуметтік уклад нысандары өзгеріске түскен қазақ халқы рухани бастауларын өздері білдірудің жолдарын табуға ұмтылды. Мұның өзі империяның мәдени орталықтарында байсалды білім алу, білім беру саласында беріле жұмыс істеу, Ресей баспасөзінің беттерінде ғылыми және публицистикалық шығармалар бастырып шығару мен жариялау, өлкетану жұмыстарына араласу, жалпыресейлік саяси қозғалыстарға қатысу және т.б. арқылы жүзеге асты. Мейлінше табанды және зерделі тұлғалар бірте-бірте Ресей зиялыларының санаткерлік мүдделері аясына тартыла түсті. Еуропалық білім алған және саны жағынан өте-мөте аз қазақ зиялылары негізінен әкімшілік мекемелерінде, халыққа білім берудің төменгі салаларында жұмыс істеп, екінші дәрежелі лауазымдармен әр түрлі ведомстваларда қызмет етті. Мұның өзі "бұратана" халықтар, оның ішінде санаткерлік еңбек саласында әр түрлі қысымға ұшырап жатқан да, сол тұстағы жағдайға тән сипаттар еді. Сөйтіп, қоғамның дәл осы әлеуметтік тобы қазақ халқының саяси көзқарастарын жеткізуші және оның жаршысы болды. Бұл кезеңде олар еуропалық саяси ойды енді ғана қабылдай бастаған болатын. Олардың сан жағынан аздығы мен тәжірибесіздігі ХХ ғасыр басында өздерін кеңінен көрсетуге мүмкіндік бермеді, бұл тек Қазан төңкерісі қарсаңында жүзеге асты. Бірінші шақырылған Мемлекеттік Думада қазақтар шағын ғана топ болды және олар империяның 1-парламентінің жұмысында қазақ халқының мүддесін қорғауға ұмтылғанымен, сол кездегі саяси жағдай оларды ондай мүмкіндіктен айырған еді. Бұл кезеңдегі Қазақ халқының мүддесін білдірушілер қатарында, негізінен Қазақстанмен көршілес қоныстанған аудандардың кейбір депутаттары, сондай-ақ, Қазақстанда тұратын орыс халқының жекелеген өкілдері де кездесті.

Ресей империясындағы аграрлық қатынасқа көзқарас туралы сол кездегі Ресейдің барлық саяси партиялары мен қозғалыстарының назарында болды. ХХ ғасырдың бас кезіндегі Ресейдегі жалпы саяси өрлеумен дағдарысты жағдаяттар кейбір тұста көзқарастар мен пікірлерге мүлде ымырасыз қараған әр түрлі күштерді саяси аренаға шығарды. Олар белгілі бір дәрежеде Қазақстанға да ықпалын тигізді. 17-қазанда Манифест пен Мемлекеттік Думаға сайлау туралы заңның жариялануы Қазақ зиялыларының қызметін де жандандыра түсті. Нәтижесінде қазақтардан Мемлекеттік Думаға: Торғай облысынан А.Бірімжан, Орал облысынан А.Қалменұлы, Семей облысынан Ә.Бөкейхан, Бөкей ордасынан Б.Құлман депутат болып сайланды. Ақмола облысынан сайланған Ш.Қосшығұлұлы орыс тілін білмейтіндігінен оны облыстық комиссия Думаға жібермеді. Бұл, әрине, жергілікті халықтың жай-күйімен санаспай адамзат құқын аяқасты ететін факторлардың бірі болатын.

І-ші Мемлекеттік Думада қазақ халқының танымал жетекшісі Ә.Бөкейхан мен заңгер А.Бірімжан белсенділік көрсетті. Бірақ депутат-қазақтар Қазақстандағы күрделі жағдайға байланысты (1906 жылғы ақпанда бүкіл Дала өлкесі бойынша төтенше жағдай жарияланды) уақытында келе алмады. Сайлау мұнда кешігіп өткізілді, ал Жетісу және Сырдария облыстарында ол кейінге қалдырылды. Думаға А.Қалменұлы мен А.Бірімжан 1906 жылғы шілденің ортасында ғана келді, ал Ә.Бөкейхан Петербургке Думаны таратуға бірнеше күн қалғанда ғана жетті. Соған қарамастан А.Бірімжан аграрлық мәселе жөніндегі ескертпелерін білдіріп, ал Ә.Бөкейхан Выборг үндеуіне қол қойып үлгерді. Қазақ депутаттары өз мүмкіндіктеріне қарай Думаның мұсылман фракциясына қатысты. Мұсылман фракциясындағы басқа депутаттармен бірге олар жер реформасының Қазақстанға қатысты мәселелерін көтерді. Әлихан Бөкейхан "Мен кадет партиясынан неге шықтым?" деген ашық хатында өз ойын былай білдірген: "Кадет партиясы жер адамға меншікті болып берілсе жөн дейді. Біздің қазақ жерді меншікті қылып алса башқұртша көрші мұжыққа сатып, біраз жылда сыпырылып, жалаңаш шыға келеді".

Ғасыр басында көтерілген осы мәселе бүгінгі таңда да осы маңыздылығын жойған жоқ. Уфа губерниясынан сайланған қазақ С.Жантөре көп мәселеде қазақ жерінен келген депутаттармен пікірлес, бір көзқараста болды. Оларға Қазақстандағы аграрлық мәселеде

қазақ емес депутаттар арасынан бұған Ш.Сыртланов, Т.Седельников, В.Недоносков, Н.Бородин, т.б. белсенді қолдау көрсетті.

Аграрлық жағдайға байланысты Т.Седельников өлкедегі аграрлық жағдай жөнінде мейлінше мақсатты да дәйекті пікір білдіруге тырысты. Бұған өзінің жазғанындай, жеті жыл бойы Қазақстандағы аграрлық мәселе жағдайларымен жан-жақты және мұқият таныс болуы мүмкіндік берді. Ол осы еңбегінде белгілі аграршы А.Кауфманның көзқарастары мен тұжырымдарын өткір сынға алды. "Қоныс аударушылар учаскесі үшін қазақ жерлерін мүлде заңсыз тартып алуды ұйымдастыруға белсенді қатысқан Ф.А.Щербина мен А.Кауфман сияқты Даланың "білгір", белсенді "зерттеушілері" үшін сол қазақтардың отырықшы егіншілері ретіндегі мұқтаждары мен қажеттіліктеріне тап болған жағдайда мұны "көшпелі тұрмыстың өзіндік жағдайлары" деп мойындауларына бұл мейлінше ыңғайлы да тиімді болды. Әйтпесе оларға баяғыдан-ақ "нағыз орыс иеленушілеріне" тиімді даланы отарлауды тоқтата тұрып, сол қазақтардың өзін жерге орналастырудың күрделі де қиын ісімен шұғылдануларына тура келер еді. Сөйтіп, Т.Седельников Қазақстандағы жер иелену мен жер пайдаланудың заңды нормаларын тәртіпке келтіруді басты мәселе етіп қойды, бұл ретте ол объективті табиғи-тарихи жағдайлар әсерімен қалыптасқан нормаларға сүйенді.

1907 жылдың ақпаны мен маусымы аралығында жұмыс жасаған ІІ-ші Думаның жұмысына Б.Қаратай белсене қатысты. Мамыр айында өткен осы жиынның жер мәселесі талқыланған пленарлық мәжілісінде ол сөз сөйлеп, патша үкіметінің аграрлық саясатын қатты сынға алды.

"... Мемлекеттік Дума өздері Ресей өңіріндегі помещиктер мүдделерін, осынау 130000 помещиктің мүддесін қорғау үшін шаруаларды қоныстандыру арқылы қорлап отырған қырғыз-қайсақтардың, әрдайым шаруалардың жерге деген мұқтажын қанағаттандыру мақсатымен жеке иеліктегі жерлерді күштеп тартып алу ниетіндегі барлық оппозициялық фракцияларға аянышпен қарайтынын есте ұстайтын болсын. Дегенмен, бүгінгі таңда шаруаларға орын босату үшін, әлгі помещиктерді аман алып қалу үшін қырғыздардың жерлерін ғана емес, олардың тұрғын үйлерінен қуып шығып жатқанын түсініңіздер. Орыстың қарапайым еңбекшілері мен зиялылар қауымы жерімен қоса үйінен, қора-қопсысынан қуылып жатқан сорлы қырғыз-қайсақтардың мұңына құлақ асады деп сенемін..."

"Социал-демократияның 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясындағы аграрлық программасы" деген еңбегінде В.И.Ленин: "Екінші қатардағы шешендердің бәрінен цитат келтірудің мүмкіндігі және қажеті жоқ, сондықтан біз олардың нендей бір жаңалық енгізгендерін ғана немесе мәселенің белгілі бір жағынан назар аударарлық түсінік бергендерін ғана көрсетіп отырмыз" деп келіп, өзі айтып отырған шешендердің қатарында Б.Қаратайды атап өтіп, "ұлт өкілдерінің" атынан сөйлеген оның сөзінің ішіндегі ең маңызды тұстарынан мысал келтіреді.

В.И.Ленин аталмыш еңбегінде былай дейді: "қырғыз-қайсақ халқының атынан ІІ-ші Думада депутат Қаратай (Орал облысы) сөйледі: "... Біздің шаруа бауырларымыздың жерге мұқтаждығын жақсы түсінеміз және сеземіз, біз ризашылығымызбен ығысып орын беруге әзірміз" (39-мәжіліс, 673-бет), бірақ "басы артық жерлер өте аз", ал "қоныстандыру қазіргі кезде қырғыз-қайсақ халқын көшіріп жіберумен қат-қабат жүргізіліп жатыр" ... "қырғыздарды жерлерінен емес, олардың тұрғын үйлерінен көшіріп жатыр". В.И.Ленин "екінші қатардағы шешендердің" есебіне кіргізген Б.Қаратайдың көтерген мәселесіне арнайы көңіл бөлуі тегін емес еді. Әрине бұл тұста депутат Б.Қаратайдың дәлелді деректерді Ресейдің отар елдерінің бәрінде орын алып отырған жағдайды бір ғана Қазақстан мысалында келтіріп дәлелдеуі сол кездегі саяси жағдаймен әлеуметтік-мәдени деңгей тұсында оның ұлтын сүйер үлкен жүректі азамат екенін айқындай түспек.

Кейіннен үкімет басына келген большевиктер бұл мәселеге көзін жұма қарағаны белгілі. Олардың Қазақстандағы жер мәселесіне орай жасаған іс-қимылдары күннен-күнге шатқаяқтап бірде қазақ халқының басына ашаршылық бұлты болып төнсе, бірде ұлттық ірі

наразылық толқуларға жеткізді. Соның ішіндегі сорақысы осы мәселеге орай пікір айтып, күрес жүргізген азаматтардың қуғын-сүргінге ұшырап, ақыры большевиктік тоталитарлық жүйенің өз өмірлерін құрбан етуіне әкелді.

Аграрлық комиссия мүшелерінің санын арттыруды Орал облысынан сайланған, кейіннен Ә.Бөкейхан және І-ші Мемлекеттік Думаның басқа да депутаттарымен жақсы қарым-қатынаста болған депутат Бородин де талап етті.

3.Қорытынды.

І-ші Мемлекеттік Дума әр түрлі объективті және субъективті жағдаяттарға орай аграрлық мәселені шеше алмады, мұны өкініштісі, кейінгі думалар да шешкен жоқ. Алайда Ресей мен оны мекендейтін халықтардың жер мәселесіндегі талаптарын дұрыс шешуге бағытталған мүмкіндіктер пайдаланылмай қалған жоқ. Мәселелердің мәнін айқындап, олардың шешімін табудағы сәтсіздіктер әр түрлі саяси және әлеуметтік-экономикалық себептерге байланысты болатын.

Әдебиет тізімі

Аллаберген Қ., Нұсқабайұлы Ж. Алты алаштың ардақтылары. А., 1994, 112 б.

Аққұлыұлы С., Қамзабекұлы Д. І-ші Мемлекеттік Дума және оған мүше болған қазақтар. // «Ана тілі», 4-ақпан.

Озғанбай Ө. Ресей Мемлекеттік Думасы және Қазақстан (1905-1917жж.) А., 1997. Монография, 460-б.

Озғанбаев Ө. Қазақ депутаттары І және ІІ Мемлекеттік Дума жұмысына қатысуы. // Дәуір белестерінде. А., 1996, 32-62 бб.

Озғанбаев Ө. Патшалық Ресей Думасындағы қазақтар. // «Егемен Қазақстан», 1996, 24 сәуір.

Қозыбаев М. Ақтаңдақтар ақиқаты. А., 1992, 272 б.

УДК 93

Б.СЫРТАНОВТЫҢ "ЫНТЫМАҚ ЕРЕЖЕСІ" ЖӘНЕ ЕЛ БАСҚАРУ МӘСЕЛЕСІ

Анаслова А.Б.

тарих магистрі, ҚМПИ, Қостанай

Қазымбекова Т.Н.

"Тарих"мамандығының

4 курс студенті

Аннотация

Бұл мақалада авторлар Барлыбек Сыртановтың халықты бірлікке, ынтымақтастыққа шақырған «Ынтымақ ережесі» атты құжаттың мазмұнына ғылыми тұрғыдан талдау жасаған. Ережеде ел басқару ісін дәстүрлік салт-санамен, әдеттік-құқық нормаларымен реттеуді негізге алынғаны жөнінде айтылады.

Аннотация

В данной статье дается научный анализ документа Барлыбека Сыртанова "Правило солидарности", в которой автор призывает народ к солидарности и единству. В "Правилах..." рассматриваются вопросы правления государства на основе традиционного сознания, норм обычного права.

Abstract

This article provides a scientific analysis of the document's Barlybek Syrtanov "solidarity rights", which the author calls the people to show solidarity and unity. In "Rules ..." questions of the Board of the State which base on traditional consciousness of customary law.

Түйінді сөздер: Ынтымақ ережесі, қоғамдық-саяси қызмет, дәстүрлік салт-сана, әдеттік-құқық нормалары, "Жеті жарғы" заңы.

Ключевые слова: Правило солидарности, общественно-политическая деятельность, традиционное сознание, обычно-правовые нормы, закон "Жеті жарғы".

Keywords: Rule of solidarity, social and political activity, the traditional consciousness, usually - the rule of law, the law of "the seven laws."

1.Кіріспе. Барлыбек Сыртанов қазақ зиялыларының ішіндегі ерекше тарихи тұлға болып қалыптасқан алаш азаматы. Еліне қиын-қыстау кезендерде, елде болып жатқан өршіп тұрған өзекті мәселелерді шешуге еңбек еткен, көпшіліктің құрметіне ие болған адам. Барлыбек Сыртановтың саяси-құқықтық көзқарасында ХХ ғасырдың басында Қазақстанның қоғамдық-саяси және құқықтық ой-пікірде мүлдем беймәлім болып келген мәселе - жергілікті елді мекендерде, ауыл арасында басқару ісін дұрыс жолға қою болды. Қазақ қоғамына патша өкіметі енгізген болыстық жүйенің тиімсіздігі бәрімізге белгілі.

Қазақ қоғамына дерт болып жабысқан осы мәселе Барлыбек Сыртановты да қатты ойландырады, жікке, партияларға бөлініп алған халықты қайта ынтымақтастырып, басын біріктіру мәселесіне жар құлағы жастыққа тимей, ерекше көңіл бөледі, түн ұйқысын төрт бөледі. Соның жемісті нәтижесі ретінде, ой толғанысы мен білімділігінің айғағы болып дүниеге "Ынтымақ ережесі" келеді.

2.Негізгі бөлім. "Ынтымақ ережесі" бұрын-соңды ғылыми айналымға түскен емес. Оны 1960 жылы Барлыбек Сыртановтың туған баласы Әбдікәдір Барлыбекұлы Сыртанов Талдықорған қаласындағы І. Жансүгіров мұражайының қолжазбалар қорына табыс еткен екен. Барлыбек Сыртанов отставкаға шыққан соң, ел басқару ісімен тікелей шұғылданып, халықтың партияға, руға, жікке бөлінуінің тамырына балта шабу мақсатында Бұқабай елі арасында 50 үйден тұратын қауымдастықта тәжірибе ретінде, ауыл ақсақалдарымен тікелей ақылдаса отырып, басқарудың жаңа "Ережесін" енгізеді. Бұл құжаттың басында "Бұқабай балаларының Ынтымақ ережесі". Барлыбек Сыртанов 50 үй арасында мынандай ұйым ашады" деген мәлімет бар. Талдықорған облысы Қапал ауданы тұрғындарының айтуына қарағанда, бұл "Ереже" "Бәкеңнің "Ынтымақ ережесі" деп аталып кеткен, небары 15 баптан тұрады, бірақ жазылған жылы белгісіз.

Барлыбек Сыртанов жазып қалдырған бұл құжаттың мазмұнына ғылыми тұрғыдан талдау жасап қарасақ, ел басқару ісін дәстүрлік салт-санамен, әдеттік-құқық нормаларымен реттеуді негізге алған. "Ереженің" негізгі идеясы көшпелі қазақ қоғамында әлеуметтік практиканың сындарынан өтіп қалыптасқан, дала демократиясының гуманистік, қайырымдылық, қауымдастық, ынтымақтастық сияқты негіздері мен ислам дінінің талаптарына сай келетін ұғымдар болып табылады. Қорытынды сөзбен айтқанда, бұл реформаторлық мазмұнға ие болған құжат болып қабылданатыны даусыз.

Барлыбек Сыртановтың "Ынтымақ ережесінің" талаптары бойынша ел басқару ісі және олардың арасында болған дауларды шешу елді мекенде халық болып сайлаған беделді ақсақалға жүктеледі. Оның айтқан сөзі, жүргізген іс-әрекеті барлық қауым мүшелеріне міндетті болуы тиіс. "Ереженің" 13 бабында: "Өз арамызда дау болса, сайлаған ақсақал бітіріп тұрсын" - деп атап көрсетіледі. Егер дау бірнеше елді мекенді қоныстанған бірнеше елдердің арасында болған болса, "сайланған сегіз ақсақал бітіріп тұрады" - деп белгіленген. "Ережеде" Барлыбек Сыртанов бұл жерде дауларды шешуді қазақтың әдет-ғұрпы бойынша билерге жүктемейді, керісінше, ақсақалдар құзыры деп таниды. Мұның себебі, 1867-68 жылдарда қазақ даласына енгізілген "Уақытша ережеден" кейін билердің сайлау арқылы "халық сотына" ие болу мәртебесінің нәтижесінде әділетсіздікке, паракорлыққа кеңінен жол ашылуының салдарынан беделін мүлдем түсіріп алғандығында болса керек. Себебі, халық сотын сайлау орыс ұлықтарының тікелей араласуымен болып, олардың ұсынысымен болатын іске айнал-

ған еді. Осыны байқаған Барлыбек Сыртанов дауларды шешу мен ел басқару ісін беделді, ел таныған, шешендікті меңгерген ақсақалдарға жүктейді.

"Ынтымақ ережесінің" нормаларындағы негізгі талаптар - елдің ынтымақтастығын нығайту, бірлік идеясын уағыздау, ұлт санасына жағымсыз қимыл-әрекеттермен қауым болып күресу және қайырымдылық пен қамқорлық жасау. Барлыбек Сыртанов "Ережеде" екі мәдениеттің жемісін пайдалана білген. Біріншісі - ғасырлар қойнауынан тамырын тартқан көшпелі қазақ қоғамының гуманистік, қауымдық институттары болса, екіншісі - ислам дінінің кейбір талаптары. Осы екі ұғымды ол үйлестіре отырып, бір мағынаға енгізумен "Ынтымақ ережесі" деп атаған. Бұл ұғымның өзі қазақ халқының фольклорымен, тіпті, қазіргі күні де мемлекетімізде өзінің көкейтестілігін жоймаған ынтымақтастық, тұрақтылық, қоғамдық келісімділік идеяларымен етене үндес екені аса көрегендіктің белгісі. Қазақ халқы көне заманнан бері: "Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді", "Бөлінгенді бөрі жейді, жарылғанды жау жейді", "Бірлік болмай, тірлік болмас", "Игілік басы - ынтымақ", "Ырыс алды - ынтымақ", "Ынтымақ - бұзылмас қорған", "Ынтымақ қайда болса, ырыс сонда", "Ынтымақтың түбі - игілік, бірлік түбі - тірлік" және т.б. сөздер айтып, халықты ынтымаққа шақырып отырған. Бұл өсиеттер қазіргі заманда мемлекетіміздің Конституциясы мен Әнұранынан да өзінің шешімін тауып отыр.

Орыс әкімшілігі қазақ қоғамын өз тарапынан тиімді басқару үшін және отарлық саясатты күшейту мақсатында империя құқық жүйесін енгізуді негізгі саясатының санатына жатқызды. Бұл мақсатты іс жүзіне асыру барысында Қазақстанда әр мағынадағы құқық жүйелері бір-бірімен сапырылысып, өкімет органдарына бассыздық пен заңсыздыққа кең көлемде жол берулеріне жағдайлар туғызды. Өлкеде қазақ халқының санасына мүлдем жат, беймәлім, қабылдауға әлі дайын емес құқықтық жүйені пайдалану әділ сотты чиновниктер мен қалталылардың қолына шоғырландырды. Патша өкіметі өз тарапынан бірнеше рет қазақтың әдеттік-құқықтық нормаларын жүйеге келтіруге әрекеттер жасаған еді. Осы мақсатта қазақ қоғамының қатынастарын реттейтін әдеттік-құқық нормаларын жинауға бірнеше дүркін ғылыми-зерттеу экспедициялары құрылды. Олар шын мәнінде қазақтың әдеттік - құқық жүйелерін жинап, зерттеуде осы күні де құндылығын жоймаған еңбектер қалдырды. Бірақ, бұл материалдар негізінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде үлкен роль атқарғанмен, соттардың құқық қолдану практикасында судьялардың орыс тілін білмеуіне байланысты пайдаланылған жоқ және орыс зерттеушілерінің бұл мақсатта жазған еңбектері кемшіліктерге толы болғаны да құпия емес.

Бірақ, қазақ қоғамының қоғамдық қатынастарын реттелген тәртіпке салу патша өкіметінің назарынан тыс қалған емес еді. Мән-жайларға қанық болған отарлық әкімшілік билердің Төтенше съездерінің құзырына құқық нормаларын жасау құқы беріледі. Бұл съездер жылына бір немесе екі рет, ары кеткенде екі жылда бір рет шақырылып отырды және арнайы істерді қараумен, уезд сот практикасының қорытындысы бойынша Ереже қабылдады. Ережелерде құқық нормалары болғандықтан арнайы қылмыстық және азаматтық істерді қарауда уезд немесе бірнеше уезд аумағында қолданылып отырды.

"Ынтымақ ережесінде" мұсылмандықтың бес парызын қазақ халқына міндеттеу әрекеті жасалғанын аңғарамыз. "Зекет, қайыр-садақа, үшір малы жоқ кедейдікі, жыл сайын бөліп бере беру, кедей жоқ болса, медресенікі" - деп талап қоя келе, "Ереженің" 9-шы бабында: "Бозбалалар, қарасақал, ақсақалдар намаз оқымаса, ораза ұстамаса, үшір бермесе, бай зекет бермесе - айыпты болсын, айыбы шариғат қосқаннан басқа, әр жолға он сомнан айып көптікі»-деген норманы енгізеді. Барлыбек Сыртановтың бұл мағынадағы идеяларының мәні - қазақты қайткен күнде ислам дініне тарту, оның негізгі талаптарын халыққа міндеттеп, имандылыққа баулу. Себебі, қазақ өзін қанша мұсылман дегенімен көшпелі қазақ қоғамында, жаппай отырықшылықтың болмауына байланысты, ислам діні өз мағынасында халықтың санасына енген жоқ. Міне, осындай жағдайларға қарамастан Барлыбек Сыртанов намаз оқуды, ораза ұстауды, пітір, садақа, зекет және үшір сияқты исламның міндетті қағидаларын қа-

зақ халқына міндеттеуді аса қажет деп таниды. Көрсетілген нормада ол аталмыш парыздарды өтеуді дәулетті адамдардың басты борышы санаттарына жатқызады. Себебі бұл борыштар мұсылман баласын дүниеқоңыздықтан, пайдақорлықтан, асып-тасып кету сияқты жаман әдеттерден сақтандырып, әл-ауқаты төмен, мүсәпір адамдардың материалдық жағдайларын жақсартуға үлкен себебін тигізеді.

Переход на 12-летнее обучение позволит успешно решить стратегическую задачу реформы казахстанского образования, которая видится в развитии новой модели, направленной на формирование и развитие образованной, творческой, компетентной и конкурентоспособной личности, способной жить в динамично развивающемся мире. Вся деятельность учителя и ученика осуществляется с учетом новейших достижений психологической науки и передовой педагогической практики. Ученик способен проектировать предстоящую деятельность и быть ее субъектом. Деятельность ученика ориентирована на обучение через открытие, где присутствует наличие дискуссий, характеризующихся различными точками зрения, сопоставлением их, а также поиском за счет обсуждения истинной точки зрения. В учебном процессе наблюдается демократичность и открытость обучения. Рассмотрим проблемы современного урока, его дидактические и практические основы.

Сегодня к уроку предъявляются следующие *дидактические требования*:

- Четкое формулирование образовательных задач в целом и его составных элементов; Определение оптимального содержания урока в соответствии с требованиями учебной программы и целями урока; Прогнозирование уровня освоения учащимися научных знаний, сформированности умений и навыков; Выбор наиболее рациональных методов, приемов и средств обучения;

- Реализация на уроке всех дидактических принципов (научности, систематичности и последовательности, доступности, связи теории с практикой и др.);

- Создание условий успешного учения учащихся.

Исходя из требований, основная идея современного урока в 12-летнем образовании, сформировалась из представления о единстве обучения, воспитания и развития.

Общей функцией урока является целостное формирование и развитие личности школьника на основе развивающего и воспитывающего обучения. Под этим подразумевается: вооружение учащихся глубокими и осознанными знаниями, формирование прочных мотивов учения, постоянного самосовершенствования, самообучения, самовоспитания, формирование нравственных основ личности, ориентированных на общечеловеческие ценности. Цель урока носит триединый характер и состоит из трех взаимосвязанных и взаимодействующих аспектов: познавательного, развивающего и воспитывающего.

Дидактическая структура урока состоит из трех этапов:

1 этап. Актуализация опорных знаний и способов действий (что означает не только воспроизведение ранее усвоенных знаний, но и их применение, часто в новой ситуации, и стимулирование познавательной активности учащихся, и контроль учителя).

2 этап. Формирование новых понятий и способов действий (в значении более конкретном, чем «изучение нового материала»).

3 этап. Применение знаний, формирование умений и навыков (включающее и специальное повторение и закрепление).

Все эти этапы выступают как этапы процесса учения и как три обобщенные дидактические задачи урока, которые в разной степени решаются на каждом уроке, независимо от его типа и вида.

Учебная же деятельность учащегося регулируется логико-психологической структурой урока. Психологи утверждают, что процесс усвоения всегда начинается с восприятия и осознания факта, явления или события. Затем мыслительные операции – вычленения, сопоставления, аналогии, анализа, синтеза, они приводят к осмыслению сущности нового знания. Далее идет обобщение отдельных фактов, признаков, данных наблюдений, что приводит к систематизации изученного. Эта подструктура способствует формированию продуктивного усвоения знаний и развитию интеллектуальной и других сфер школьника.

Мотивационная структура. На современном уроке необходимо учитывать интересы и потребности учащихся, развивать мотивационную, эмоциональную, волевую сферы. Поэтому учителю необходимо структурировать свою деятельность в соответствии с мотивационной основой деятельности учащихся. Мотивационная структура урока выступает как обобщенные вероятные педагогические задачи, которые необходимо решать учителю на каждом уроке. Эта структура является регулятивом деятельности учителя по управлению учебной деятельностью учащегося.

Методическая структура. На каждом уроке решается ограниченное количество конкретных педагогических задач. Все практические действия учитель осуществляет в виде системы разнообразных приемов, которые в каждом конкретном случае раскрываются в методической структуре урока. Что же она представляет? Если число компонентов вышерассмотренных структур постоянно, то число элементов методической структуры – величина переменная. По сути, каждый конкретный урок, проведенный учителем, имеет свою неповторимую методическую структуру. Таким образом, все вышеназванные структуры урока реализуются в практической деятельности учителя при помощи методической структуры.

3. Заключение.

Таким образом, представленные выше структуры урока охватывают все внешние и внутренние его процессы, они выполняют регулятивные функции деятельности учителя и деятельности учащихся. В результате того, что эти структуры в максимальной степени охватывают известные закономерности обучения и складывается общая единая структура урока.

Цели. Рождение любого урока начинается с осознания и правильного, четкого определения его конечной цели – чего учитель хочет добиться; затем установления средства – что поможет учителю в достижении цели, а уж затем определения способа – как учитель будет действовать, чтобы цель была достигнута. Цель урока в современной школе должна отличаться конкретностью, с указанием средств ее достижения и ее переводом в конкретные дидактические задачи.

Технологии. Учитель-профессионал должен не только в совершенстве владеть своим предметом, но и видеть место каждого участника в педагогическом процессе, уметь организовать деятельность учащихся, предвидеть ее результаты, корректировать возможные отклонения, то есть должен быть компетентной личностью.

Таким образом, главным принципом в работе педагогов в эксперименте является перевод ученика из объекта в субъект обучения.

Для этого важно стимулировать и поддерживать проявление детской инициативы в разных видах деятельности, обучать коммуникативным навыкам. Педагоги активно внедряют

в практику работы научно обоснованные и экспериментально апробированные технологии или их элементы. Эффективность данных учебных технологий состоит в их влиянии не только на мотивы и переживания учащихся, но и на общую компетентность учащихся.

Памятка, которой руководствуются педагоги для того, чтобы урок не только вооружал учащихся знаниями и умениями, но чтобы все, что происходит на уроке, вызывало у детей искренний интерес, подлинную увлеченность, формировало их творческое сознание:

12 шагов, следуя которым крепнет профессионализм педагога.

Шаг 1. Размышляем. Сравниваем.

Шаг 2. Выбираем технологию.

Шаг 3. Проектируем процесс.

Шаг 4. Перестраиваем урок.

Шаг 5. Готовимся основательно.

Шаг 6. Расстаемся с иллюзиями.

Шаг 7. Опираемся на принципы.

Шаг 8. Диагностируем.

Шаг 9. Выбираем методы.

Шаг 10. Прогнозируем.

Шаг 11. Оптимизируем.

Шаг 12. Составляем план.

Список литературы

Жумагалиева Б.К. Компетентности и компетенции: Основные направления концепции 12-летнего образования Республики Казахстан. – Алматы, 2006.

Костомарова Е.В. Современный урок как целостная динамическая система. – Алматы, 2007.

Бахишева С. М. Новое понимание грамотности и новая модель образования. – Алматы, 2007.

Власова Н.В. Психология в школе. – Алматы, 2000.

Концепция 12-летнего среднего общего образования в Республике Казахстан. – Алматы, 2006.

УДК 37:001.12/.18

БАЛА ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКАНЫҢ РОЛІ

Арсеева С.Б.

аға оқытушы

Қостанай мемлекеттік

педагогикалық институты

Кенжебаева Ж.Қ

Қазақ тілі мұғалімі

№2 орта мектебі Қостанай қ.

Аннотация

Мақалада қазіргі кездегі халықтық педагогиканың ерекшелігі: оның адам баласының дүниеге келген күнінен бастап бірге жасасып келуінің маңызы қарастырылады. Шынында да, ұлттық тәрбиеміз гасырлар бойы қалыптасып, халық жадында мәңгі сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа ауызша нақыл-ақыл, өсиет-өнеге, қағида болып, бүгінге дейін жетіп отыр. Бүгінде Қазақстан Республикасы егеменді ел болып, өзінің ән ұранын, ел таңбасын, мемлекеттік туын белгілеп, мемлекеттік конституция заңын қабылдаумен байланысты ұлттық мәдениетті өркендетуге, келер ұрпақты халық педагогикасы қағидалары негізінде тәрбиелеуге толық мүмкіндік туды. Бала тәрбиелеуші әр отбасынан бастап мектепке дейінгі балалар мекемелерінде, арнаулы орта дәрежелі және жоғары оқу орындарында халықтық тәрбие

тағлымдарының озық үлгілерін оқу-тәрбие жүйесіне батыл енгізу уақыты келіп жетті.

Аннотация

В статье рассматривается важность и особенность народной педагогики в современном обществе. Действительно, народное воспитание складывалось веками, сохранялось в сознании народа, передавалось из поколения поколению и дошло до наших дней и сформировалось как наука – народная педагогика. И сегодня, когда Республика Казахстан стала суверенной независимой страной, пришло время воспитывать подрастающее поколение на лучших культурных традициях народа. Ситуация усугубляется тем, что у молодежи отсутствует прочный культурно-этнический базис, выстроенный на знании, уважении и сохранении народных традиций, духовно-нравственных ценностей, культурного наследия своего народа – того самого стержня, имеющего основополагающее значение в духовно-нравственном формировании личности.

Abstrakt

The article discusses the importance and singularity of folk pedagogy in modern society. Indeed, public education evolved over the centuries, sohranyalos conscious people, passed down from generation to generation and has reached our days, and formed as a Science-folk pedagogy. And today, when the Republic of Kazakhstan became a sovereign independent country, it's time to educate the younger generation on the best cultural traditions of the people. The situation is aggravated by the fact that youth is no strong cultural – ethnic base, built on knowledge, respect and preservation of folk traditions, moral values, cultural heritage of his people – the very core of essential importance in the spiritual and moral development of the individual

Түйінді сөздер: халықтық педагогика, ұлттық тәрбие, егеменді ел, салт-дәстүр, отбасы, бала тәрбиесі.

Ключевые слова: народная педагогика, национальное воспитание, независимая страна, традиции-обычаи, семья, воспитание ребенка.

Key words: folk pedagogics, national education, independent country, traditions-customs, family, education of child.

1.Кіріспе.

Ұрпақ жалғастығымен адамзат баласы мың жылдар жасап келеді, сәт сайын өзгеріп, өрлей дамыған саналы тірлік жалғасуда. Адамзат еншісіне ғана тиісті сол тірлік бағбаншасы – тәрбие. Тәрбие дегеніміз – аға буынның кейінгі ұрпаққа мирас етіп табыстар озық тәжірибесі, үлгі өнегесі, әдет-ғұрпы, рухани байлығы болса, халық педагогикасы – қазақ халқының сан ғасырдан бері атадан балаға қалдырған өлмес мұрасы.

Халықтық педагогиканың ерекшелігі: оның адам баласының дүниеге келген күнінен бастап бірге жасасып келуінде... Шынында да, ұлттық тәрбиеміз ғасырлар бойы қалыптасып, халық жадында мәңгі сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа ауызша нақыл-ақыл, өсиет-өнеге, қағида болып, бүгінге дейін жетіп отыр.

Бүгінде Қазақстан Республикасы егеменді ел болып, өзінің ән ұранын, ел таңбасын, мемлекеттік туын белгілеп (Қазақстан Республикасының 6 маусым 1992ж. Заңы), мемлекеттік конституция заңын қабылдауымен (18 желтоқсан 1991ж. Заңы) байланысты ұлттық мәдениетті өркендетуге, келер ұрпақты халық педагогикасы қағидалары негізінде тәрбиелеуге толық мүмкіндік туды. Бала тәрбиелеуші әр отбасынан бастап мектепке дейінгі балалар мекемелерінде, арнаулы орта дәрежелі және жоғары оқу орындарында халықтық тәрбие тағлымдарының озық үлгілерін оқу-тәрбие жүйесіне батыл енгізу уақыты келіп жетті.

Алайда бір ойландыратын жайт, сонау ата-бабаларымыздан бізге дейін, ғасырлар бойы қалыптасып, жоғалып кетпей, сөнбей, өз жалғасын тауып келе жатқан ұлттық тәрбие-

мізді, салт-дәстүрлерімізді, әдет-ғұрыптарымызды, ұлттық ойындарымыз бен ырым-жораларымызды, басқаша айтқанда қазақ халқының таптырмас байлығы, асыл қазынасы болып табылатын халықтық педагогиканы бүгінгі ұрпақ қалай пайдалануда? Оған деген көз-қарасы қандай, оны жеткілікті дәрежеде қадірлеп-қастерлеуде ме? Қазіргі мұғалімдер, ата-аналар, жалпы қоғам баланы қай бағытта тәрбиелеуде және де бала тәрбиелеуде халықтық педагогиканы пайдалануда ма?

Бүгінгі күні қазақ халқының ұлттық мәдениетінің қайта өркендеу жағдайында жеткіншек ұрпақты ұлттық дәстүрлерде тәрбиелеудің заңды объективті қажеттігі туды. Мұндай жағдайда жеткіншек ұрпақтың өз халқының рухани қазынасымен, оның ұлттық мәдениетімен, әдет-ғұрып дәстүрлерімен неғұрлым тереңірек танысу қажеттігі бірінші орында тұр. Өйткені, мұндай негіздерді білмей, өз халқының ұлттық ерекшеліктерін сезбей, басқа халықтың өзіне тән ерекшеліктерімен салыстырмай, бағаламай өз рухани байлығын арттыра түсу мүмкін емес.

Бүгінде тәрбиеге салғырт қарап, жете мән бермеуіміздің салдарынан қадір-қасиетімізді, ұлттық этикамызды, рухани байлығымызды жоғалтып отырғанымыз жасырын емес. Бүгінде мұның көрінісі былайша белең алған:

- Бауыр етін кесіп беретін бауырмалдығымыз, жанашырлығымыз қожырап, тасбауырлыққа;
- Ақиық ақындығымыз бен шешендігіміз тілден безген дүмшелікке, шала тілдікке;
- Аталы да асыл тұқымды тектілігіміз тексіздікке;
- Ашық қолды аңқылдаған жомарттығымыз жоқшылыққа, қара бастың қамын ойлаған тоғышарлыққа;
- Жасы үлкендерге көрсетілетін ізеттілік пен құрмет дәрежелілік пен көргенсіздікке;
- Қайырымдылығымыз бен қамқорлығымыз қатігездік пен қара жүректілікке;
- Намысшылдығымыз жалғандық пен жәдігөйлікке;
- Саналы, салауатты өмір салтымыз нашакорлық пен жезөкшелікке;
- Ұлтжандылығымыз опасыз алаяқтылыққа орын бергенінен көреміз.

Адамды адамдық қалыпқа келтіретін де, аздырып тоздыратын да қоғамдағы тәрбие жұмысы. Жүйелі ұлттық адамгершілік тәрбие болмаса, халық бір-бірінен рухани үлгі көрмесе адам баласы бір-біріне ақырзаман әкелуі мүмкін. Қазірде жанұяның әрбір мүшесі өзіне тиісті орнын білуден, рөлін атқарудан, яғни, әке әкедей, аға ағадай, іні інідей, тіпті ана анадай болудан қалды. Осының барлығы жас ұрпақтың ұлпа жанына ұялап, миына қонып, тіпті уландырып, көңіліне, өміріне берік орнығуда. Осы мәселелер жайында сөз қылғанда тот басқан озық салт-дәстүрлерімізді қалпына келтіруіміз қажет екендігін байқаймыз.

Константин Дмитриевич Ушинский айтқандай: “Өмірде де, ғылымда да барлық халықтарға бірдей тура келетін халықтық тәрбие жүйесі жоқ. Әр халықтың ұлттық тәрбие жүйесі әртүрлі. Өз еліне басқа елдің тәрбие әдісін енгізу мүмкін емес, себебі, халықтардың өмір сүру моделі де тәлім-тәрбие моделі де әр басқа...”.

Сондықтан, бүкіл тәрбие жүйемізді басқаша құрып, атап айтқанда, ата-бабаларымыз өз қолымен жасап, қалыптастырып кеткен бай дәстүрлерге орай қайта құру, халықтық педагогикаға шыңдап бет бұру басты міндет болып отыр. Қазақстанның егемендік алуымен байланысты бүгінде ұлт мәдениетіне деген сұраныс күшеюде. Ұлттық тәлім-тәрбие тағылымдарының отбасы, балабақшадан бастап, орта және жоғары оқу орындарында арнайы пән ретінде өтіле бастауына қарамастан, оған арналып жасалған оқу-әдістемелік кешеннің (комплекс-тің) жоқтығы, ал бірді-жарым шыққан еңбектердің ғылыми жүйесіздігі белгілі қайшылық туғызып отыр. Осы қайшылықты шешудің жолдарын іздестіру зерттеу проблемасын айқындайды.

Сонымен, өз халқының мыңдаған жылдар бойғы қалыптасқан, жақсы жемісін берген тәсілдерін ала отырып, оны басқа елдердің, жұрттардың тәуір, қабылдауға лайықты деген моральдық нормаларымен толықтыру жақсы нәтижеге жеткізеді. Әр халықтың бойында жақ-

сы қасиеттер баршылық. Олай болса, дана халқымыз айтқандай “Жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренейік”.

Бұл орайда халықтық тәрбиелеу жүйесінің маңызы өте зор. Міне, осы мәселелердің бәрі зерттеу тақырыбының көкейтестілігін дәлелдей түседі. Бала тәрбиелеудің керектігін жұрт баяғыдан білген, әр халық әр уақытта әр түрлі себептермен түрлі-түрлі түсінген. Мысалы, Мысыр халқы баланың шаруаға шеберленуін мақсат қылған. Спарта халқы бала тәрбиелеу дегенді – баланы өжет, жауынгер қылу деп түсінген. Бірқатар халық бала тәрбиелеуді патшалыққа беретін салғырт орнына жүргізген. Ал біздің халықта бала тәрбиелеудің негізі «Бетегеден биік, жусаннан аласа бол» және «Көм бойынды, жасыр ойынды» болған.

Жалпы “педагогика” деген сөз о бастан грек жұртының “тәрбие” деген сөзінен шыққан екен. Олар осыдан екі мың жылдай бұрын педагогика деген ғылым шығарып, қолданып көрген. Ол келе-келе тек тәрбие ғана емес, терең теориялық білім берудің жолдары мен әдістері туралы ғылымға айналған. Бұл біздің көп кенже қалған ғылымдарымыздың бірі.

Тәрбие – күрделі әрі ұзақ процесс. Оған белгілі бір дәрежеде білім, тәжірибе, шеберлік қажет. Ондай болмаған жағдайда тәрбие саласында белгілі бір нәтижеге қол жеткізу қиындыққа түседі. Сондықтан да біз тәрбиені шығармашылық жұмыстарының жемісі деп білеміз. Тәрбие, сонымен бірге педагогикалық әрекетте

- мәдени құбылыс;
- педагогикалық ықпал ету;
- балалардың әрекетін ұйымдастыру;
- қарым-қатынас құралы ретінде жан-жақты қарастырылады.

“Тәрбие, кең мағынасымен алғанда, қандай да болса бір жан иесіне тиісті азық беріп, сол жан иесінің дұрыс өсуіне көмек көрсету деген сөз. Ал енді адамзат туралы айтылғанда, адамның баласын кәміл жасқа толып, өзіне-өзі қожа болғанша тиісті азық беріп, өсіру деген мағынада жүргізіледі. Адамзат дене һәм жан аталған екі бөлімнен тұратындықтан, бұл екі бөлімнің соңғысы, яғни жан, адамзат үшін аса қадірлі болғандықтан, дұрысын айтқанда, адамға шын мағынасымен “адам” деген атты осы жанға да беретіндігінен, адам баласын тәрбие қылу дегенде, әрине, адам баласының әсіресе жанын тәрбие қылу деп ұғу керек”.

Жер жүзіндегі басқа жан иелерімен салыстырғанда, адам баласы туғанда өте әлсіз, зағып, осал болып туады. Малдың төлі туа сала аяқтанады. Тауықтың балапаны жұмыртқадан жарылысымен жүгіріп кетеді. Ал адам баласы туғанда іңгәлаған айғайы мол бір кесек ет. Ақылы, есі жоқ. Денесі тым әлсіз. Өсуі, ұлғайуы тым сараң, тым шабан. Мінекей адам баласы осылай әлсіз боп туып, аса сараң өсетіндігінен, оның денесіне, жанына азық беріп, өсуіне көмек көрсетпей, яғни оны тәрбие қылмай болмайды.

Бала ақыл тоқтатып, есеймей тұрып-ақ көргенін істей бастайды. Үйінде намаз оқушылар болса, намаз оқиды, шылым тартушы болса, шөпті шылым қылып тартады. Домбыра тартушы болса, қолына түскенін домбыра қылады. Жақсы істесе жақсы, жаман істесе жаман істейді. Осыдан ата-бабаларымыздың «Баланың жаны кірсіз тақтай, не жазсаң соны оқырсың», – деген өсиет сөздерінің шын мән-мағынасын түсінуімізге болады.

Өткен ғасырдың молдалары мен мұғалімдері секілді “Аюды үйреткен таяқ” деп балаларды сабап, арқасын қанатып, сонан соң “Молданың соққан жері отқа күймейді” деп жұбатуды қою керек. Таяқ аюды үйретеді, ал ақыл иесі – адам баласын аза қылып, арландырып санаттан шығарады. Біле-білсеңіз, дін үйретуші пайғамбарлар да ешкімді сабамаған көрінеді. Егер мұғалім таяқ жұмсаса, құлағын бұраса бұл бала тәрбиелеу болмайды, яғни баланың тауын қайыру, кірсіз ақ қағаздай жанын ыластау болады.

Адам баласы барлық білікті сыртқы бес мүшесімен алады. Көзбен көріп, құлақпен естіп, мұрынмен иіскеп, тілмен татып, денемен сезіп. Сондықтан баланы оқытқан уақытта бұл бес мүшелердің барлығын бірдей тәрбиелеу керек.

Сонымен баланы оқытқанда жеңіл жолмен бар мүшелерін бірдей тәрбиелеп, білімді баланың басына тыға бермей, жетелеп, өзіне іздетіп, ақылын кәмілдеп ізгілікке бастап, жүрегін адалдап, жақсыға қызығатын, жаманнан жиіркенетін қылып шығару мақсат.

Қазақ халқының өте әрідегі ата-бабаларының өмір сүрген кезінен (VI ғ., Түрік қағанаты) бастау алып, күні бүгінге дейін кәдесіне жарап келе жатқан рухани мұраның бірі – халықтық педагогика екені бәрімізге белгілі.

“Халықтық педагогика, – делінген Қазақ кеңес энциклопедиясында, – тәрбие жөнінде халықтың педагогикалық білім тәжірибесі. Халық педагогикасын зерттеу негізіне педагогикалық мазмұн мен бағыттағы халық ауыз әдебиетінің шығармалары, этнографиялық материалдар, халықтық тәрбие дәстүрлері, халықтық ойындар, жанұя тәрбиесінің тәжірибелері тағы да басқалар жатады... Халық педагогикасының негізгі түйіні еңбек тәрбиесі және өндірістік білім, дағды, шеберліктерді ұрпақтан ұрпаққа қалдыру”.

“Халықтық педагогика мыңдаған жылдар бұрын пайда болып, нақты өмірдің мәнін, оның даму заңдылықтарын танып білуге бағытталған өзіндік адам қызметі ретіндегі ғылым болмаған, дәлірек айтқанда, жаңа пайда болған кезде қарқындап дамыды, бірақ педагогика оны арнаулы сала ретінде ғылыми білімнен бөліп алған жоқ”, – деді Г.У.Убайдуллаев.

Қазақтың халықтық педагогикасының тарихын адамзат мәдениетінің даму кезеңдері мен байланыстыра қарастырып шартты түрде 8 дәуірге бөліп қарастыруды жөн көрдік. Ол:

1. Алғашқы қауымдық құрылыс кезеңіндегі тәрбие.
2. Сақтар мен ғұндар дәуіріндегі жауынгерлік тәрбие (б.д.д. VIIғ. б.д.д. Vғ.)
3. Ұлы түркі қағанаты кезіндегі тәлім-тәрбие (VIғ. IXғ. аралығы)
4. Араб-шығыс мәдениеті, орта ғасыр ойшылдарының тәлімгерлік ой-пікірлері (X-XIX ғ.ғ. аралығы)
5. Қазақ хандығы кезіндегі ұлттық тәлім-тәрбие жыраулар поэзиясындағы тәлімдік ойлар (XVғ. XVIII ғ.)
6. Қазақстанның Ресейге қосылуы кезеңіндегі тәлім-тәрбие мен ағартушылық идеялардың өркен жаюы (XVIII-XX ғ.ғ. 20-шы ж.ж.)
7. Кеңестік дәуірдегі ұлттық ғылыми педагогиканың дамуы (1920-1990 ж.ж.)
8. Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті кезіндегі тәлім-тәрбие көріністеріндегі (1991 ж. кейінгі) кезең.

“Халықтық педагогика” деген терминді алғаш рет орыс педагогы К.Д.Ушинский пайдаланды.

Академик Г.Н.Волковтың пікірінше, халықтық педагогиканың ерекшелігі: оның адам баласының дүниеге келген күнінен бастап бірге жасасып келуінде; адамдардың қоғамды құруда, қоршаған ортаны – табиғатты өзіне икемдеп игеруінде; еңбек тәрбиесінің алғашқы адамдар өмірінде басты рөл атқарғаны, тәрбиенің басқа түрлерінің кейін туғандығы, халықтық тәрбие жөніндегі қағидалары өмірлік тәжірибеге негіздеген эмпирикалық білім болып келуі; оның ұлттар мен ұлыстардың жазу мәдениеті шықпай тұрған кезінде пайда болып, халық арасында ауызша тарауы, сондықтанда оны шығарушы авторларының аты-жөні халық жадында сақталмай, бүкіл халықтық мұраға айналып кетуі, халықтың ұрпақ тәрбиелеудегі озық тәжірибелері мен ой түйіндері сол халықтың ой-тілегімен, арманымен ұштасып келгендіктен, озық үлгілерінің мәңгі сақталып, ал тозығының біртіндеп тәрбие жүйесінен шығып қалуы; халық педагогикасы өнерге, еңбекке негізделгендіктен, үнемі жетілдіру, ұшталу үстінде болуы; сондай-ақ халық педагогикасының ғылыми жүйеге, теорияларға құрылмай, жеке бастық тәрбиенің озық үлгілеріне және оның нәтижесіне құрылуы; тәрбие тәжірибесінің ғасырлар бойы жалғасып келуі, алғашқы тәрбие түрлерінің қоғамда бөлінбей, синкретті тұтас түрінде берілуі (мысалы, қол, би, музыка өнерлерінде ой еңбегі мен дене еңбегі, ақыл ой тәрбиесі мен еңбек тәрбиесінің бірге ұштасып келуінде) деп саралай көрсетіп келеді де, “халық педагогикасы ру, тайпа, ұлттар мен ұлыстардың ұрпақты тәрбиелеу тәжірибесіне негізделіп, халықтың тәрбие құралдары (салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ойын түрлері, ауыз әдебиеті үлгілері) арқылы іске асыруға құралады. Яғни, халық педагогикасы ғылымға шикі материал даярлаушы мәліметтер көзі болып табылады, сөйтіп педагогика ғылымына қызмет етушінің рөлін атқарады”, – дейді.

2. Негізгі бөлім.

Халықтық педагогика – көп арналы, қыры-сыры мол, күрделі ғылым. Ол ұлттық өмірге немқұрайлы қарайтын жас ұрпақты қазақтың рухани, материалдық мәдениетін толық меңгерген тарихын, әдет-ғұрып, салт-сана, дәстүр, тәлім-тәрбие, адамгершілік қасиеттерін бойына сіңіріп, ұлтын сүйетін азамат болып өсуін қамтамасыз етеді.

Халықтық педагогика туралы түсінік бергенде оның маңызды саласы болып табылатын ұлттық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер туралы айтпай кету мүмкін емес. Олар педагогикалық білімдерді, іскерліктерді, дағдыларды ғана өтпей, сонымен қатар олардың ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыруына көмектеседі. Осыған байланысты, қарастырылып отырған ұғымның мәнін былай анықтауға болады. Халықтық педагогика - тәрбие мен оқыту саласындағы халық бұқарасы білімдерінің, іскерліктерінің, дағдыларының жиынтығы, солардың негізінде ұрпақтан ұрпаққа халық шығармашылығы арқылы /поэтикалық, музыкалық, сәндік-қолданбалы өнер/ беріліп отыратын әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер қалыптасқан. Халықтық педагогиканың мақсаты-жас ұрпақты ата-бабалар тәжірибесінің ең жақсы мұраттарына тәрбиелеу.

“Әдет-ғұрыптар”, “дәстүрлер” деген ұғымның мазмұнына келсек, философ Н.С.Сәрсенбаевтың мынадай анықтамасын береміз: “Әдет-ғұрыптар – адамдардың қоғамдық мінез-құлқының олардың өмір және тұрмыс салтының тарихи қалыптасқан, азды-көпті тұрақты нормалары, олар ұрпақтан ұрпаққа беріліп, қоғамдық пікірдің арқасында сақталады. Әдет-ғұрыптар – адамдардың тұрмысындағы қоғамдық қатынастардың тарихи қалыптасқан тұрақты нормалары...”

Дәстүрлер – адамдардың қоғамдық қатынастарының тарихи қалыптасқан тұрақты және мейлінше қорытылған нормалары мен принциптері, олар ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады. Және қоғамдық мінез-құлықтың арқасында сақталады”.

Дәстүр – бір ұрпақтан екінші ұрпаққа ауысып отыратын қоғам өмірінің дамуына сәйкес өзгеріп, кейбіреулері жаңа мазмұн алып, әрмен қарай дамитын халықтың қоғамдық-тарихи өмірінде қалыптасқан құбылыс. Халық дәстүрінің танымдық-тәрбиелік мәні ұлаңғайыр дүние. Ол тұтастай алғанда жас ұрпақ үшін адам өмірінің, рухани-адамгершілігінің қуат-қайнары. Оның ішінде тікелей бала тәрбиесіне бағытталған баланың жан-дүниесінің қалыптасуына, рухани марқаюына негіз болатын мүмкіндіктер көп-ақ. Ол халықтың кәсібімен, салт-дәстүрімен, тілімен, тарихымен, адамгершілік қасиет-сапаларымен сабақтасып, біте қайнасып, тарихи кезеңдер ерекшелігіне, қоғам тану сатыларына қарай жетелер, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын қастерлі мұра.

Дәстүр – адамдардың рухани тұлғасынан бөлінбейтін құбылыс. Дәстүр қоғамдық санның барлық формаларынан орын алады. /Олар: саясатта, қоғамдық өмірдегі дәстүрде, халықтар арасындағы ынтымақтастықта, теңдікте, бостандықта, ғылыми дәстүрде, оқу-білім ғылымындағы дәстүрде, отбасы-жанұялық дәстүрінде, еңбек дәстүрінде/

Сонымен, осы айтылған пікірлердің бәріне сүйене отырып, нақты бір түйінге келетін болсақ, көріп отырғанымыздай, бала тәрбиелеу оңай шешілетін мәселе емес. Я, тәрбие керек. Бірақ, балаға дұрыс тәрбиені әрбір тәрбиеші (ата-ана, мұғалім) тәрбие жолын ешкімнен үйренбей-ақ, еш тәрбиені оқып білмей-ақ өз бетімен бере алмақ па? Әркім өзі-ақ жол тауып кеткендей, бала тәрбиесі соншама бір жеңіл нәрсе ме? Жоқ. Олай емес. Бала тәрбиесі бір өнер, өнер болғанда ауыр өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер. Ал бала тәрбиелеуді қазақ халқының өлмес мұрасы болып келе жатқан халықтық педагогикасыз елестету қиын. Оның зерттеу тақырыбы – тәрбие, ал тәрбие объектісі – адам, тұлға. Қысқасы, бала тәрбиелеу мен халықтық педагогика бір-бірімен қатар, бірін-бірі толықтырып жүретін ұғымдар.

Бала тәрбиесіне, жалпы адам тәрбиесіне терең мән беріп, оның сәтті қағидалары мен ережелерін жасағандардың бірі – қазақ халқы. Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттердің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі келешек қоғам қамын ойлау болып табылады.

Ал жастарды жан-жақты қабілетті азамат етіп өсіруде халықтық салт-дәстүрлердің тәлім-тәрбиелік, білім-танымдық рөлі орасан зор. Адамның жарық дүниеге келген күнінен бастап, оның есейіп, қартайып, о дүниеге аттанып кеткенге дейінгі өмірі мен іс-әрекеті, басқа-

лармен қарым-қатынасы атаулының барлығы – салт-дәстүрлерден өзекті орнын алып, адамның дүниетану көзқарасын қалаптастыратын тәрбие мектебі.

“Алты жыл аш болсаң да, атаңның салтын ұмытпа.” – деп қазақ нақылы шерткендей, салт-дәстүр дегеніміз – халықтардың кәсібіне, сенім-нанымына, тіршілігіне байланысты қалыптасқан, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын қоғамдық құбылыс. Ол отбасылық тәрбиеде қалыптасады. “Дәстүрдің озығы бар, дәурені өткен тозығы бар” дегендей, “жылтырағанның бәрі алтын емес”. Қазіргі заман талабына тура келмейтін, мән-мағынасы өзгерген, ескірген салт-дәстүрлердің кей біреулеріне сын көзімен қарай отырып тәлімдік мәнін жоймаған әдет-ғұрыптарды бүгінгі пікірі мен талғамы жоғары жастардың кәдесіне жаратуды да ескердік.

Қазақ халқының салт-дәстүрлері: бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлер, тұрмыс-салт дәстүрлері, әлеуметтік-мәдени салт-дәстүрлер болып үш үлкен топқа бөлінеді. Бала тәрбиесіне байланысты әдет-ғұрыптарға баланың дүниеге келген күнінен бері жүргізілетін тәлім-тәрбиелік дәстүрлерден (шілдехана, сүйінші, балаға ат қою, бесікке салу, қырқынан шығару, тілін дамыту, тұсау кесу, атқа мінгізу, сүндет тойы, т.б.) бастап, қыз бала мен ұл баланы келешек отбасы – жанұя құруға, шаруашылыққа, өмірге, еңбекке бейімдеуге арналған азаматтық жөн-жоралғылар кіреді. “Тәрбие – адам тағдырын шешетін ұлы іс”. (В.Г.Белинский) “Балаларды тәрбиелеу – еңбек әрі борыш”. (Ф.М.Достоевский)

Қазақ халқының көпшілік салт-дәстүрлері баланың дүниеге келуімен байланысты туған. Отбасының жеміс берер гүлі, алтын тіреу діңгегі – бала. Қазақ халқының: “Бір баласы бардың шығар-шықпас жаны бар, көп баласы бардың үйінде маздаған шамы бар”, “Балалы үй – базар, баласыз үй – мазар”, “Бала – адамның бауыр еті” деуі – баланы бақыт санағандық.

“Нәзіктік атаулының жиынтығы – ананың алақаны, сондықтан да ол – сәби үшін ең жылы ұя”. (В.Гюго)

Ата-ананың әр қайсысының өзіндік, даралық ерекшеліктері, тәрбие-тәсілдері болады. Ана құрсағындағы бала екі жарым – үш айдан кейін тындай да, сезіне де, түсіне де біледі. Сондықтан баланы ана құрсағында пайда болған сәттен бастап тәрбиелеу керек. Өйткені іштегі жатқан бала ана сезімі арқылы, түйсік арқалы жарық дүниені өзінше қабылдайды. Ал ана болса, өз айналасынан алған барлық әсерлерін тек құрсағында жатқан сәбиіне бағыттай ойлану керек.

Осы кезде тәрбиенің ең маңыздысы – жүрек тәрбиесі жүреді. Жүрек тәрбиесі жүйесінің тәсілдері арқылы құрсақтағы кезеңде жанның он екі арнасы ашылады. Яғни олар: түйсік, ұят, сүю, зерде, мінез, табиғи қабілет, жігер, және ішкі бес сезім. Осы кезеңде бастау алатын тәрбие ана құрсағында қалыптасатыны сөзсіз. Макаренко А.С., Пестолаций И.Г. сияқты ғалымдар баланы туғаннан бастап тәрбиелейді деген пікір айтады. Ал бала туғанға дейінгі тәрбиеге көп мән бермейді. Ал жапондықтар баланы өз ұлтының нағыз патриоты болып өсуіне, ең алдымен, педагогикалық-психологиялық ықпал жасайтын дүние: сәбидің ана құрсағында дамып қалыптасып келе жатқан кезінен бастап ұлттық тәрбие берудің амалдарын іздестіру деп санаған, оның айрықша көріністеріне ананың денсаулығын мұқият бақылау, әйел босанатын жерге жағымсыз ықпалдардың (қатты шу, бөтен музыкалық әуендер, айкай, зеку сөздері, т.б.) әсер етуін шектеу болып табылады. Олар перзентхана бөлмесінде тек ана тілінде сөйлеу, ана және оның құрсағындағы сәбиге арнайы дыбыс толқындары арқылы жапон халық музыкасы шығармаларын, бала әлдиіне арналған мақамдарды тыңдату, қатты дауыстамау сияқты ұлттық ерекшеліктер талап етуден бастаған.

Н.К.Крупская балаға деген бауырмалдық, жылы жүректік шығыс халқына тән қасиет екенін айта келіп: «Балаға деген сүйіспеншілікті россиялықтар шығыс халқынан үйренсін» деп өте орынды айтқан.

Қазақ халқының бала тәрбиелеудегі мұрасына көз жіберсек, от басына байланысты тұнып тұрған қаймағы бұзылмаған дәстүрдің бар екенін көреміз. Қазақ халқы дүниеге келетін сәбидің жарымжан болып келмеуі үшін алдын-ала сақтандыру әрекетін жасаған. Сондықтан жас келіннің бойына бала біткенін білген тәрбиелі ежелер жас келінді көзден таса етпеген. Ауыр жұмыс істетпей, түн қараңғысында екіқабат келіншекті далаға шамсыз жібермей, үйде

бір өзін жалғыз қалдырмаған. Халықтың түсінігі бойынша баланың кіндігі бұралып қалмау үшін әйел аяғы ауыр кезеңде бақан, арқан аттамауы, ал баланың жарымжан болып дүниеге келмесі үшін іштегі бала туылғанша итке «кет» демеуі керек деген ырымдар бар. Бұл шаралар сәбидің болашақ тәрбиесінің алғы шарттары, себебі дүниеге кемтар сәби алып келу ата-анаға орны толмас қасірет. Жас келіншектің екі қабат болғаны белгілі болса, оның абысындары сол үйге оңаша құрсақ тойын жасатып, аман-сау босануына тілек білдіреді.

Қазанжарыс – әйел босанар сәтте басқа әйелдер қазанға жеңіл-желпі тамақ істеп, оны босанатын әйелден бұрын пісірмек болып жарысады. Халық ұғымы бойынша туатын бала «қазан жарысқа қатысып» одан бұрын өмірге келуге тырысады деп түсінген.

Сүйінші – жас нәрестенің, әсіресе ұл баланың өмірге келуі отбасы мүшелеріне, әкесі мен атасына, нағашы жұртына үлкен қуаныш әкелген. Себебі ұл шаңырақ иесі болып есептеледі. Әкесі мал соңында немесе аңда жүргенде жас нәресте дүниеге келсе, қуанышты хабарды тез жеткізу үшін ат ерттеп мініп, түзде жүрген әкенің алдынан шығып, сүйінші сұрайтын болған.

Шілдеhana – әйел аман-есен босанған күні ауыл жастары кешке шілдеhanaға жиналады. Шілдеhana үш күнге созылады. Шілдеhanaға әдетте ауыл үлкендері қатыспайды. Өйткені жаңа туған нәрестені әр түрлі жын-шайтан, перілердің салқынынан қорғап күзету халық сенімі бойынша тек қана жастардың міндеті саналған. Кіндігі түскен соң баланы қырқынан шыққанша етін шынықтыру үшін күнде тұзды сумен шомылдырып, денесін қойдың құйрық майымен сылап, аяқ-қолын әрлі-берлі созғылайды. Халықтың түсінігі бойынша тұзды сумен шомылдырған баланың денесіне әртүрлі жара, қотыр түспейді. Баланың етін ширату үшін тұзды судың пайдасы зор.

Тымаққа салу – шала туған балаларды қырық күн бойы түлкі тымаққа салып асыраған. Оның себебі шала туған сәби ұстауға, бесікке салуға келмейді, тымақ жылы, әрі бөлеуге ыңғайлы болады.

Балаға ат қою – бала туғаннан кейін қырық күн өткен соң ел ішіндегі аузы дуалы қарияға немесе атасына, әжесіне немересінің атын қойғызады. Адамға ат қоюдың себептері алуан түрлі тілек-мақсаттарға орайлас болып келеді. Жалпы адам есімі тілге жеңіл, жүрекке жылы, мағыналы, әрі мәнді, әрі сәнді болу қажет. Себебі есім адаммен бірге жасайтын тарихи заңды құбылыс.

Ал енді қазақ халқының салт-дәстүрлерінің бірі – бесік тәрбиесіне тоқтамай кетуге болмайды. Бесік – адам баласы игерген игіліктердің ішіндегі ең парасаттысы, оны үй шаруасында пайдаланатын заттардың ешқайсысымен де салыстыруға болмайтын мүлік. Оның өзіне ғана тән қасиеттерін кең түрде уағыздап тарата алсақ, бүкіл адамзаттың игілігіне айналу ғажап емес.

Балаға деген ана махаббаты «бесік жырлары» арқылы берілген. «Өнге әуес, күйге құмар бала жаны сұлу, өмірге ғашық болып өседі.» (М. Әуезов) Ана бөбегін бесікке бөлерде ең алдымен бесік жырын айтады. Онда ана өзінің баласына деген сүйіспеншілігін:

Мойындағы тұмарым, Мойнымдағы маржаным,
Тарқамайтын құмарым, Қорадағы мал жаным,
Тағдыр берген алсын деп, Бесігіңе жата ғой,-
Ақ бесікке салсын деп. Тәтті ұйқыға бата ғой,-

деп білдіре келеді де:

Балам жатсын бесікте
Пәлесі қалсын есікте, -

деп пәле-жаланы өлеңмен аластамақ болады.

Тыштырма. Сәбиді бесікке салар кезде бесіктің түбегі тұратын тесіктен құрт, ірімшік, тәттілер өткізіп, «тышты», «тышты» деп ырым жасайды және оны тыштырма деп атайды.

Баланың туғанына қырық күн толғаннан кейін оны қырқынан шығару рәсімі өтеді. Қырқынан шығару рәсімі елге беделді үбірлі-шүбірлі бәйбіше адамға тапсырылады. Қырыққында шашын алғаннан кейін баланың үстіне қырық қасық су құйып тұрып, «отыз омыртқаң

жылдам бекісін, қырық қабырғаң тез қатсын » деген тілектер айтылады. Бұның өзі бір тәрбие.

Бала қаз тұрып аяғын апыл-тапыл баса бастаған кезде, яғни сегіз айдан бір жарым жас аралығында «тұсау кесу» рәсімі жасалады, тұсау кесуге қойдың көтен ішегін, не жіңішке ала жіпті пайдаланады, тұсау кесу тек қана жеңіл аяқ, жүйрік адамдарға тапсырылады. Тұсау жіп орнына көтен ішек қолдану себебі: “бала малды, дастарханы майлы, өзі еңбекқор болсын, мал тапсын” деген тілек.

Еркек баланы тақ жасында яғни үш, бес, жеті жасында сүндетке отырғызады. Сүндетке отырғызу көбінесе жазға салым немесе күзге қарай іске асырылған. Себебі суық та, ыстық та балаға әсер етпесін деген мақсат көзделген.

Сүндетке отырғызу, біріншіден, мұсылмандықтың белгісі болып саналса, екіншіден, балаға ержеттің, азамат болдың деген сезімді де білдіру көзделген.

Ал енді баланы тәрбиелеуде ұлттық ойындардың тәрбиелік мәні жөнінде айта кетсек. Қазақ халқының әдет-ғұрыптары негізінде дамыған ұлт ойындарын тек ойын деп қарамай, халықтың ғасырлар бойы жасаған асыл қазынасы, бір жүйеге келтірілген тамаша тәрбие құралы деп қараған жөн. Ойын – бала үшін ойын емес, шындық (К.Д.Ушинский).

Кішкентай, әлсіз тірлік иелерінің өмірге икемділігін, жеңгіштігін көрсету, ойнап шығу балаларға арналған халық ойындарының ең қызық тұсы. Бұл бақылағыштыққа, тапқырлыққа, тез шешім қабылдап, оны жүзеге асыру, батылдық, ептілік, мақсатқа жетудің өзіндік әдісін таңдау қабілетін қалыптастыруға көмектеседі. Көбінесе, жасөспірімдерді ынтықтыратын: “аударыспақ”, “бәйге”, “теңге алу”, “қыз қуу”, “жорға жарыс”, “аламан бәйге”, “көкпар”, “соқыр теке”, “мысық пен тышқан”, “сайыс”, т.б. ойындар. “Жерде жатқан жұмыртқа, аспанда ұшқан құс болар” дегендей, келешек ұрпаққа ұлтымызда, салт-санамызда, дәстүрімізде ұлттық ойындардың тәрбиелік мәні мол екенін айқындайды.

Балаға 7 – 9 жасында әкесінен бастап ағайын-туысты, нағашы жұртын, алыс-жақынды таныстыру, ата-тегін, руын, ел-жұртын білдіруге ерекше көңіл бөлінген. “Жеті атасын білу” заң болған. “Жеті атасын білген ұл жеті жұртқа жөн айтар” деген аталы сөзді арқау етіп, баласына ата тарихын жастайынан жаттатып, ел-жұрт тарихын білу – ер азаматты ерлікке, елдікке, Отан сүюшілікке баулиды деп ұққан. Бұл адам баласын бауыр тұту мақсатында тәрбиелеу. Бала он жастан асқанда - өмір мектебі басталады. Қазақта оны: қозы жасы, қой жасы, жылқы жасы, патша жасы деп 4-ке бөледі.

Қозы жасы – қазақта ұлды он жасқа келгенде қозы бағуға салады. Қозы жасы деп аталатын еңбектің алғаш басқышы жастарды өмірге бейімдеу, еңбектің дәмін татып, оның қиындығын сезінудің жоралғысы болып табылады.

Қой жасы – “Он үште отау иесі” делінген жасқа келісімен, қозы бағудан қой бағуға көшкен. Отаудың иесі деп келешегінен үлкен үміт күтіп отырған жасты қой бағуға жарамайды деп қазақ ешқашан ойлаған емес. Сондықтан он бес пен жиырма бестің арасын қой жасы деп есептеген.

Жылқы жасы. Қай халықта болмасын жиырма бес “бұғанасы бекіп, қабырғасы қатқан”, “отқа салса өртенбес, мұзға салса тайсалмас” нағыз ердің жасы. Жиырма бес пен қырықтың арасын жылқы жасы деп есептеген.

Патша жасы. Жалпы шығыс мұсылмандары жасы толса да, ақылы қалыптаспады деп қырыққа келмегенді патша (хан) қойғызбаған. Мөлшері қырықты патша жасы деуді біз шығыс халықтарынан үйренген болуымыз керек. Бұл жасқа келгенде бірқатары атқа мініп, ел басқарады. Ақылды азаматтар хан, төре, сұлтан сықылды мансапқа ие болады. Билік айтады. Бұған қарағанда қазақтаң қырық жасты патша жасы деуі орынды сияқты.

Бастаңғы. Қазақта бастаңғыны шешесі бір жаққа жолаушылап кеткенде бой жеткен қызы жасайды. Қыздың үйіне құрбы-құрдастары жиналып, ән салады, домбыра тартады, ұлттық ойындар ойнайды т.б. Бастаңғының екі түрлі жағы бар. Біріншіден – анасы қызын өз бетінше қонақ күте білуге баулиды. Қызды томаға-тұйық, бұйығы сылбыр болып қалудан

сақтандырады. Екіншіден – қызды келешек отау иесі деп санап, қазан ұстай білуге, асты баптап пісіруге, қонақ күте білуге үйрету көзделеді.

3. Қорытынды.

Сонымен, жоғарыда халық мұрасының ішінен адам тіршілігіне байланысты көне және бүгінгі күннің салт-дәстүрлерінің негіздері ғана сөз болды. Салт-дәстүр – ана сүті арқылы қанға сіңіп, санаға дариды. Ұлттық рухта салт-дәстүр бағытында тәрбие алмаған, тілін, дінін, ойынын, дәстүрін дұрыс білмеген ұрпаққа Отанды қорғауға сенім арту, болашақтың тізгінін ұстату үлкен қате. Осыдан “Есек барға саналса да, малға саналмайды” деген сөз еріксіз есіңе түседі.

Ұзын сөздің қысқасы дәстүр, салт қашан да адам қиялынан туындап, заман ағымына қарай байып, мазмұны тереңдеп отырады. Халқымыздың ежелден желісі үзілмей жеткен көне салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары рухани, мәдени және адамгершілік дүниеміздегі қымбат қазыналарымыздың бірі. Осы айтылғандардан әркім өзіне керектісін, көңіліне ұнағанын, көкейіне қонғанын қабылдап, бала тәрбиелеуде қолданса, оны ұлтымыздың озық салт-дәстүрлерімен байланыстырып, байытып мазмұндандыра түссе, нұр үстіне-нұр болар еді.

Әдебиет тізімі:

Кенжеахметұлы С. Жеті қазына. Алматы: Ана тілі, 2002. – 136 б.

Кенжеахметұлы С. Ұлттық әдет-ғұрыптың беймәлім 220 түрі. (Көмекші оқу құралы). Алматы: Санат, 1998. – 256 бет.

Қалиев С., Оразаев М., Смайлова М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. (Оқу құралы) Алматы: Рауан, 1994. – 224 бет.

Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. Алматы, 1996.

Қалиев С. Қазақтың халықтық тәлім-тәрбиесінің ғылыми педагогикалық негіздері. Диссертация. А., 1996.

УДК 378

ҒЫЛЫМИ ҮЙІРМЕЛЕР БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КӘСІБИ БАҒЫТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Беркенова Г.С.,
кандидат педагогических наук,
доцент, А.Байтұрсынов ат.ҚМУ
Айдархан Ж.Ж.,
оқытушы, ҚМПИ,
Қостанай қ., Қазақстан

Аннотация

Мақалада білім алушылардың кәсіби бағыттылығын қалыптастыру құралының бірі – білім беру үрдісінде ғылыми үйірмелерді ұйымдастыру мүмкіндіктері қарастырылған. «Кәсіби бағыттылық», «ғылыми үйірмеі» ұғымдарына сипаттама беріліп, ғылыми үйірменің білім алушылардың кәсіби бағыттылығын қалыптастыру құралы ретіндегі тәжірибелік нәтижесі баяндалған.

Аннотация

В статье рассматриваются возможности организации научного кружка в учебном процессе как одним из средств формирования профессиональной направленности обучающихся. Также даны определения терминам «профессиональная направленность», «научный кружок» и описан экспериментальный результат формирования профессиональной направленности обучающихся.

Abstract

In this article the possibilities of a scientific circle organization in the educational process as a formation of a students' professional orientation are investigated. Moreover the definitions of "professional orientation", "scientific circle" are given. In addition, article described experimental results of formation of students' professional orientation.

Түйінді сөздер: кәсіби бағыттылық, ғылыми үйірме.

Ключевые слова: профессиональная направленность, научный кружок.

Key words: professional orientation, scientific circle.

1. Кіріспе.

Қоғамның саяси, экономикалық және рухани өмірінде болып жатқан үрдістер жоғары оқу орындарында дайындалып жатқан болашақ мамандардың зияткерлік мүмкіндіктерін қалыптастыру мәселесін қайшыластырып отыр. Жоғары оқу орындарында білім алып жүріп, студенттер қоғамдық ұйымдардың, шығармашылық ұжымдардың дайындығынан өте отырып, нақты өмірлік бағдарды, ғалымға, жетекшіге, қоғамдық қайраткер үшін қажет ұйымдастырушылық дағдыны иеленеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауында жастарға ерекше көңіл бөледі. Өз сөзінде Елбасы: «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс... Жоғары оқу орындары білім беру қызметімен шектеліп қалмауы тиіс. Олар қолданбалы және ғылыми-зерттеушілік бөлімшелерін құруы және дамытуы қажет», - дей келе, еліміздің экономикалық және әлеуметтік дамуының қазіргі шарттары жоғары оқу орындарының педагогикалық ұжымынан кәсіби білім, білік және дағды иегерін ғана қалыптастырып қоймай, табанды, өз бетінше шешім қабылдай алатын, өзінің ақыл-өрісін өзі дамыта алатын маман қалыптастыруды қажет екендігін атап көрсетті.

Ұлт көшбасшысы айқындап берген жолға түсіп, мақсатқа жету үшін өзіндік ізденімпаз, сындарлы ойлайтын және де ақпаратты терең талдайтын мамандар қажет. Осы жағдайда жоғары оқу орындарының, соның ішінде болашақ мұғалімдерді дайындайтын жоғарғы мектептердің маңызы зор. Себебі, келешек мамандарды дайындайтын мұғалімдер, бұл бүгінгі студенттер. Сондықтан жоғары оқу орындарында мамандарды дайындау жүйесі үшін оқу-зерттеу іс-әрекетінің құралдарын белсенді қолдану арқылы білім алушы тұлғасын өзін-өзі дамыту үшін жағдай жасау міндеттері аса маңызды болып отыр. Сын тұрғысынан ойлайтын, қоғам талаптарына сай, өз бетінше жұмыстың мақсаты мен кезеңдерін айқындап, шешім қабылдай алатын жан-жақты дамыған шығармашыл тұлға қалыптастыруда оқу-зерттеу іс-әрекетінің бағыттарының бірі - ғылыми үйірмелердің маңызы зор.

Түлектердің жоғарғы мектепті бітіргеннен кейінгі кезеңнің жағдайларына бейімделуіндегі қиындықтар жоғары оқу орындарында оқытудың барлық кезеңі бойында кәсіби бағыттылықты қалыптастыру қажеттігін негіздейді.

Білім алушылардың кәсіптік бағыттылығын қалыптастырудағы оқу-зерттеу іс-әрекетін жүзеге асырудың педагогикалық шарттарының бірі - білім алушылардың ғылыми-зерттеу іс-әрекетінің мазмұнын, кезеңдерін, құрылымын меңгеріп, зерттеу біліктерін қалыптастыруға ықпалын тигізетін ғылыми үйірмені ұйымдастырумен байланысты.

Ғылыми үйірмелер арқылы білім алушылардың бойында зерттеу біліктері қалыптасады, ал бұл жоғарғы курстар мен алдағы кәсіби іс-әрекетінде ғылыми-зерттеу іс-әрекетінің тиімді негізі болады. Білім алушылардың ғылыми үйірмелерге тарту арқылы олардың кәсіби бағыттылығын қалыптастыруға жағдай туады.

2. Материалдар мен әдістер.

Зерттеу жұмысының негізгі теоретикалық және әдістемелік бағыттарына кәсіби даярлық теориясы (Ш.А.Абдраман, Б.Т.Кенжебеков, Ш.Т.Таубаева, Ы.А.Нәби, Б.Ф.Ломов, К.М.Дурай-Новакова, Н.Д.Хмель, В.А.Сластенин, М.И.Дьяченко, Н.А.Кандыбович, А.И.Мищенко); педагогикалық үрдістің тұтастығы теориясы (Н.Д.Хмель, В.В.Ильин, Ю.К.Бабанский); білім беруде зерттеу іс-әрекетін қолдану ойы (В.И. Андреев, С.В. Герасименко, В.И. Загвязинский, В.В. Краевский, П.И. Пидкасистый, В.А. Сластенин, Г.И. Щукина) және т.б. жатады.

Зерттеу әдістерінің жиынтығы жұмыстың теориялық-әдістемелік деңгейінің бірлестігін қамтамасыз етті: ғылыми дерек көздері мен бағдарламалық-әдістемелік құжаттарға теориялық талдау жасау, диагностикалық әдістер (сауалнама, бақылау, әдістемелер), педагогикалық іс-тәжірибені талдау, тұжырымдау, жинақтау, педагогикалық эксперимент.

3. Нәтижелер.

Қазіргі таңда кәсіптік бағыттылық мәселесіне көп көңіл бөлінуде. Себебі, адамның іс-әрекеті таңдамалы сипатта болғандықтан тұлғаның аса маңызды қасиеттерін бөліп қарастыру, дамытуды және оларды басты әлеуметтік функцияларды орындауға бағыттау қажет етеді.

Мұғалім тұлғасының кәсіптік бағыттылығына басар назар аударылуы қажет. Себебі оның кәсіби еңбегі мен кәсіби іс-әрекетінің деңгейінен білім сапасы мен қазіргі заман талабына сай тұлғаның қалыптасуы тікелей бағынышты.

